



ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ «БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ІСТЕМЕК



Елімізде құрылыс сапасы бақылау орындарының тарапынан қатаң қадағаланатын болады. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші оқылымда қаралған Құрылыс кодексінің негізгі жаңалығы осы болып отыр.

(Жалғасы 2-бетте)

Жұмагелді ЕЛУБАЕВ,
з.ғ.д., профессор, MCI Arb,
«Kazakhstan Bar Association»
заң консультанттар
палатасының мүшесі:

«СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАЙ БЕРУДІ ТОҚТАТУ ҚАЖЕТ»

– Жұмагелді Сәкенұлы, халқымыздың мемлекеттік институттарға, заңға және әділдік пен тәртіпке деген сеніміне қандай баға бересіз?

– Қазіргі кезде ең төменгі деңгейде десем, қателеспеймін. Билікке төзімділік мемлекеттік қызметкерлер, квазимемлекеттік сектор, мемлекеттік білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінің және мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тәуелді басқа да мекеме қызметкерлерінің арасында ғана сақталып отыр. Олардың билікке деген адалдығы, ең алдымен, жұмысынан, лауазымынан айырылып қалудан, сондай-ақ сын айтқаны және Мемлекет басшысы мен қазіргі биліктің саяси институттарының көзқарасына қайшы келетін ой-пікірі үшін қудалуға ұшыраудан қорқатынына байланысты. Барлық проблема, өкінішке қарай, әлі күнге дейін асүйде және сыбырлап айтылып, талқыланады.

Елде жемқорлықтың кең етек жаюы, олигархиялық капитализмнің дамуы халықты қоғам алдында тұрған экономикалық мәселелерді шешу мүмкіндігінен одан әрі алшақтата түсті. Сондықтан осы отыз жылдың ішінде елімізде негізінен сыбайлас жемқорлық схемалары, ұрлық, алаяқтық, ел бюджетін талан-таражға салу жолымен байыған ондаған долларлық миллиардердің пайда болуына негіз қалады. Мұның бәрі қарапайым қазақстандықтардың көз алдында болған және қазір де жалғасып жатқан жағдай. Сондықтан халықтың билікке сенбейтіні заңдылық. Сол себепті мемлекеттігіміздің қазіргі тарихындағы осы және басқа да келеңсіздікке толы парақтары халықтың билікке, елдің заңдарына, әділеттілікке, тәртіпке деген сенімінің қалыптасуына мүмкіндік бермеді.

– Елдегі жүргізіліп жатқан саяси реформаларға ғалым ретінде көңіліңіз тола ма?

– Жоқ. Біздің бұрынғы және қазіргі билік реформалаумен тым әуестеніп кетті.

(Жалғасы 5-бетте)

ОРТАҚ КҮРЕСТЕ ҒАНА ОҢ НӘТИЖЕ БОЛАДЫ

Қазір адамзаттың өмірі толығымен цифрлануға бет алды. Ақпарат – жаңа дәуірдің басты капиталы, ал оны қорғау – мемлекет пен әр азаматтың ортақ міндеті. Дегенмен, интернет кеңістігінің мүмкіндігі артқан сайын, қауіп-қатер де күшейіп келеді. Кибералаяқтар күн сайын жаңа айла ойлап тауып, қарапайым қолданушыларды сан соқтыруда. Сондықтан цифрлық қауіпсіздік тек мамандардың ғана емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігіне айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті енгізудің маңыздылығын атап өтіп, ел қауіпсіздігін арттыруға бағытталған нақты шаралар қабылдаудың қажеттілігін айтты. Бүгінде алаяқтар білімді, қалалық өмірге бейімделген, банк пен интернетті белсенді пайдаланатын азаматтарды да алдап отыр. «Фишинг» – яғни, банктың атынан жалған SMS немесе қоңырау шалып, жеке мәліметтерді сұрату сияқты тәсілдер жиілеп кетті. Мұндай қулықтардан қорғану үшін тек техникалық шаралар емес, қоғамның цифрлық сауаттылығы да шешуші рөл атқарады. Цифрлық қауіпсіздік – бұл тек IT мамандарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әр азамат жеке де-

ректерін қорғауды, күмәнді сілтемелер мен хабарламаларға сенбеуді әдетке айналдырса, біз киберқауіптің алдын ала аламыз.

Бүгінде, әсіресе зейнет жасындағы адамдар мен құқықтық сауаты төмен азаматтар негізгі нысанаға айналған. Олар өздерін «банк қызметкері» немесе «құқық қорғау органдарынанбыз» деп хабарласқан алаяқтардың сөзіне сеніп, жиған-тергенінен бір сәтте айырылып жатыр. Бұл – қоғам үшін дабыл қағарлық жағдай. Келеңсіздіктердің дені көбіне базалардағы деректердің қолды болуынан туындайды. Қылмыскерлер ЖСН, жеке куәлік нөмірі, телефон деректерін пайдаланып, банктер арқылы онлайн несие алып жатыр. Өкініштісі, ИМ дерегінше мұндай қылмыстардың 70-80 пайызы ашылмаған күйде қалады.

Себебі көп жағдайда алаяқтар басқа елдердің IP-мекенжайларын, жалған SIM-карталарды, криптовалюта аккаунттарын қолданады. Бұл құқық қорғау органдары үшін тергеу барысын қиындата түседі. Бірер ай бұрын алматылық профессор Кәкен Қамзин алаяқтардың арбауына түсіп, баспанасынан айырылған жандар қатарына қосылғаны туралы баяндап берген еді.

«12 маусым күні сағат таңертеңгі ондар шамасында «қалалық энергия жүйесіненмін» деп бір әйел қоңырау шалды. Ол үйдегі электр есептегіштердің ескіргенін, сондықтан жедел ауыстыру керек екенін ескертіп, ол үшін жеке куәліктегі деректер қажет болатынын хабарлады. Телефонында қалалық «Энергосеть» логотипі тұр. Сендім. Түнімен жазу жазып, ұйқылы-ояу күйде еш ойланбай деректерімді беріп жіберіппін. Іле-шала өзін «қаржы бақылау департаментінің» қызметкерімін деп таныстырған адам телефон шалды. «Сіздің Egov-тағы барлық мәліметіңіз алаяқтардың қолына түсіп қалды. Неге бересіз, енді оларды іздестірумен, құрықтаумен біз айналысамыз.

(Жалғасы 4-бетте)

3-бет




Заңға бағыну – өркениетті елдің өлшемі

6-бет



«Келешек» – ұрпақ қамын көздеген кемел жоба

8-бет



Күластындағы шындық

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ
«БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАТЫ
БОЙЫНША ЖҰМЫС
ІСТЕМЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құжат жобасына бақылау мен қадағалауды күшейтуге бағытталған жаңа тәсілдер енгізілді. Соның бірі – құрылыс барысы басынан бастап, пайдалануға берілгенге дейін тексерілетін «жоспарлы инспекциялау» шарасы. Қадағалаудың бұл үлгісі заң бұзылған жағдайда жедел шара қолдануды көздейді. Оның аясында құрылыс жұмыстары

Салада сапа мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жасалған тағы бір қадам – құрылыс нарығына қатысушылар біліктілігі мен жауапкершілігінің арттырылуы. Министрдің айтуынша, бүгінде салада шамамен 80 мыңға жуық лицензия тіркеліпті. Оның 58,5 мыңнан астамы құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге, 6,5 мыңнан астамы жобалауға, 5 мыңнан астамы құрылыс алдындағы зерттеу жұмыстарына

Өзгерістер кеңестік дәуірден келе жатқан техникалық реттеу мен өлшемдерді де қамтыды. Нормативтік базаны тұрақты түрде жаңартып, заманға бейімдеу мақсатында жаңа Құрылыс кодексінде техникалық нормалау жүйесіне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар Ұлттық техникалық нормалау институтын құру жоспарлануда. Ол нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру ісін өз қолына алады. Бұл орган нормативтердің қалай қолданылып жатқанын бақылап, қажет болған жағдайда түсіндірме береді, жаңа технологиялар мен тәжірибелерді ескеріп, өзгерістер ұсынады.



мативтердің қалай қолданылып жатқанын бақылап, қажет болған жағдайда түсіндірме береді, жаңа технологиялар мен тәжірибелерді ескеріп, өзгерістер ұсынады.

Әрине, жаңа құжаттағы тағы бір жаңалық процестерді цифрландыруға қатысты. Осы тұрғыда жыл соңына дейін құрылыс саласындағы барлық процестерді то-

...кедергісіз ортаға қатысты талаптар қолданыстағы стандарттарда бар, алайда олардың орындалуы әлі де жеткіліксіз. Көптеген жаңа нысандар талаптарға сай келмейді, кей жағдайда адамдар үшін үйден шығудың өзі қиынға соғады. Мұндай кезде ерекше қажеттілігі бар азаматтар қоғамнан оқшауланып қалады. Осы мәселелер бойынша түсетін өтініштер көп және олардың әрқайсысын жеке шешуге тура келеді. Бұл бірқатар уақыт пен ресурсты талап етеді. Сондықтан бұл талаптарды Құрылыс кодексінде нақты бекіту өте маңызды.

тоқтатылып, лицензия мен өзге де рұқсат құжаттарын қайтарып алу мүмкіндігі қарастырылып отыр. Бұл жөнінде Құрылыс кодексін қорғаған Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев мәлімдеді.

Қолданыстағы заңнама тек шағым түскенде бақылау жасауға мүмкіндік берді. Бұл жедел әрекет жасауға немесе бастамамен тексеруге тосқауыл қояды. Заң жобасына енгізіліп отырған өлшем бойынша профилактикалық бақылау қашықтан, яғни объектіге бармай-ақ жүргізілетін болады. Бұл үшін мемлекеттік органдардың деректері мен ақпараттық жүйелер пайдаланылады, қажет болған жағдайда дереу шара қабылданады. Сонымен қатар, әкімдіктердің жұмысына да бақылау артып, заң бұзудың алдын алу шаралары күшейтіледі. Нысанды қабылдау кезінде ГАСК мен төтенше жағдай органдарының міндетті түрде қатысуы қарастырылды. Олар нысанның пайдалануға дайын екендігі туралы қорытынды береді

Құжаттың құрылыс саласының өзге де ауған жүгін түзетуге пәрмен беретін жаңалықтары бар. Солардың бірі сейсмикалық аймақтардың қала құрылысын жоспарлау ерекшеліктеріне қатысты талаптар. Ерсайын Қайырғазыұлының айтуынша, олар Қазақстан сейсмикалық қауіптілігі жоғары елдердің бірі, яғни ел аумағының 45% астамы жойқын жер сілкінісі қаупі бар аймақтарға жататындығына орай енгізілді. Осыған байланысты ұлттық қауіпсіздік пен орнықты дамуды қамтамасыз ету мақсатында жаңа Құрылыс кодексінде жеке тарау енгізіледі. Нормалар кешенді түрде сейсмикалық қатерді бағалауды, жаңа нысандарды сейсмо-оқшаулау технологиясымен жобалауды, құрылыс алаңдарын таңдау мен бірінші деңгейдегі маңызды нысандарға инженерлік-сейсмометриялық бақылау жүргізуді көздейді. Сонымен қатар, қауіпті бағалау – аймақтың ерекшелігі мен нысандардың сипатына қарай ықтимал шығындарды есептеу, тәуекел карталарын жасау, ғимараттардың төзімділігін тексеру мен қауіпті өңірлердегі нысандарды техникалық паспорттауды қамтиды. Бұл әрине, азматтардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған стратегиялық маңызды қадам.

лық цифрландыруды қамтамасыз ететін Бірыңғай ақпараттық жүйе әзірленбек. Мемлекеттік ақпараттық модельдер банкі функционалын кеңейту негізінде Бірыңғай құрылыс порталы құрылатын болады. Яғни, құрылыс саласындағы барлық қызметтер «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілетін болады.

Депутаттар бұл өзгерістерді құптағанымен, кейбір маңызды мәселелердің ескерілмей қалғанына басына білдірді. Солардың бірі – депутат Динара Наумова. Мәжілісте ерекше қажеттілігі бар жандар атынан өкілеттік етіп отырған Наумова ханым құжат жобасын қарау барысында кедергісіз орта қалыптастыру мен инфрақұрылым қауіпсіздігін арттыруға назар аударып, бірқатар ұсыныстар берген екен. Алайда олардың аз ғана бөлігі қабылданыпты.

Депутаттың айтуынша, кедергісіз ортаға қатысты талаптар қолданыстағы стандарттарда бар, алайда олардың орындалуы әлі де жеткіліксіз. Көптеген жаңа нысандар талаптарға сай келмейді, кей жағдайда адамдар үшін үйден шығудың өзі қиынға соғады. Мұндай кезде ерекше қажеттілігі бар азаматтар қоғамнан оқшауланып қалады. Осы мәселелер бойынша түсетін өтініштер көп және олардың әрқайсысын жеке шешуге тура келеді. Бұл бірталай уақыт пен ресурсты талап етеді. Сондықтан бұл талаптарды Құрылыс кодексінде нақты бекіту өте маңызды. Сонда ғана олар қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жұмыс істей бастайды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Әкімшілік әділет жүйесі қарапайым халық пен билік органдары арасындағы тепе-теңдікті сақтауымен құнды. Бұл институттың артықшылығы көп. Осы ретте айтар басты артықшылық – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша сотта дәлелдеу міндеті жауапкерге жүктелген. Бұл тұрғыда соттың белсенді рөлі қағидатының маңызы зор.

ДӘЛЕЛДЕУ МІНДЕТІ –
ЖАУАПКЕРДЕ

Судья істі тараптар ұсынған мәлімдеме, өтінішхат, олардың түсініктемесі, т.б. материалдарға ғана сүйеніп шешпейді, өз бастамасымен жеткіліксіз құжаттар мен дәлелдерді сұратуға құқылы. Бұдан істің әділ шешілуі үшін маңызы бар мән-жайлардың жан-жақты әрі толықтай зерттелетінін көруге болады. Бұған қоса сот азаматтарға заңдық тұрғыда жәрдемдесе алады. Мемлекеттік мекемелер шешімдерінің заң талабына сәйкестігін тексеруде судьяға алдын ала іске байланысты құқықтық пікірін айту құқығы берілген.

Әкімшілік сот ісі ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылады. Бұл мерзімді айқындауда әкімшілік істің күрделілігі, іс қатысушыларының процестік міндеттерді орындау кезіндегі мінез-құлқы, соттың әкімшілік істі жедел қарау мақсатында орындайтын әрекеттерінің тиімді-тиімсіздігі, т.б. ескеріледі. Әкімшілік процесс қатысушыларының қатарына талап қоюшы, жауапкер, мүдделі тұлға, прокурар кіреді. Әкімшілік істегі өкілдік Азаматтық процестік кодекстің қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Егер заңда көзделсе жария-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларда кәмелеттік жасқа толмағандар, атап айтқанда, 14 пен 18 жас аралығындағылар сотта өздерін-өздері қорғайды. Ал 14 жасқа толмағандар мен әрекетке қабілетсіздігі сотпен танылғандар заңды өкілдері мен прокурордың қорғауында болады.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленгендей, талап қоюшы сотта іс материалдарымен танысу құқығына ие. Сонымен қатар, ол іс материалдарының көшірмесін түсіріп алуға, дәлелдемелер ұсынып, оларды зерттеуге қатысуға, күә, сарапшы, т.б. мамандар мен іске қатысушыларға сұрақ қоюға, аудармашының көмегін ақысыз пайдалануға, сот актілеріне шағымдануға, өз қарсылығын білдіруге, өкіл алуға, т.б. құқылы. Назарда ұстарлығы, талап қоюшы әкімшілік іс барысында тек қана шындықты айтып, нақты фактіні ғана беруге міндетті. Оның басқа да құқықтары мен міндеттері Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 28-бабында көрсетілген. Айтып өтерлігі, сот ісі барысында жауапкер барлық іс-әрекетке талап қоюшымен теңдей құқылы.

Әкімшілік әділет институтының тағы бір тиімділігі, жауапкерді талап қоюшы таңдайды. Егер жауапкердің дұрыс тандалмағаны сот отырысына дайындық кезінде анықталатын болса, судья талап қоюшыға оны ауыстыру құқығын түсіндіреді. Талап қоюшы келіссе, жауапкер ауыстырылады, келіспесе жауап беруге тиісті емес тұлға сотқа қосымша жауапкер ретінде тартылады. Заң талабына сәйкес, жауапкер іс қаралмай тұрып ауыстырылу керек. Сот актілері мен сот талаптарын орындамағандарға осы кодексте көзделген процестік мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Мемлекеттік органдарға әкімшілік қалауы болған кезде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі аясында татуласу мүмкіндігі берілген. Себебі, билік органдары татуласу рәсімдері арқылы қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуға атсалысып, халықтың әкімшілік органдар жұмысына деген оң көзқарасын қалыптастырады. Тағы бір жаңашылдық, биылғы наурыз айында әкімшілік істерде экзаумақтық соттылық енгізілді. Бұл өз кезегінде жергілікті биліктің соттарға тигізер ықпалын жояры және сол арқылы жемқорлықтың жолын кесері анық.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс нормаларын кеңінен түсіндіру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерімен, бизнес өкілдерімен, басқа да мекемелермен бірлесіп дөңгелек үстелдер мен ашық есік күндер, семинарлар өткізу, сонымен қатар, БАҚ беттерінде мақалалар жариялау жұртшылықтың құқықтық білім-білігін көтеруге оң ықпалын тигізері талассыз.

Назгүл ҚАНАПИЯ,
Алматы қаласы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

СОТ ІС ҚАРАДЫ

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ
ТӘРТІБІ БАР

Көкшетау қаласының мамандандырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотында тіркеусіз, рұқсатсыз және қызметтің басталғаны туралы хабарлама жібермей кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін Д.-ға қатысты іс қаралды (ӘҚБТК-нің 463-бабының 1-бөлігі).

Сот барысында белгілі болғандай, полиция қызметкері азамат Д. басқарған автокөлікті тоқтатып, құжаттарын тексеру барысында оның жолаушыларды тасымалдағаны және такси қызметін жеке кәсіпкер ретінде тіркеусіз, жергілікті атқарушы органға қызметтің басталғаны туралы хабарламасыз жүзеге асырғаны анықталды. Осыған байланысты, Д.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылды.

Сотта Д. кінәсін мойындады. Сонымен қатар, оның кінәсі әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, «Яндекс такси» қосымшасынан алынған мәліметтерден, бейнежазбамен, жолаушының түсіндірмесімен және істің басқа материалдарымен расталды.

ӘҚБТК-нің 463-бабы 1-бөлігінің санкциясы 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салуды және әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралын (автокөлікті) тәркілеуді көздейді.

Жаза тағайындау барысында сот келесіні ескерді: құқық бұзушының жасы (19 жаста); оның материалдық жағдайы (студент ақылы негізде оқиды, оқуына ақы төлеу және отбасын материалдық жағынан қолдау үшін жеке тасымалдаумен айналысқан, толық емес отбасында тәрбиеленеді, анасының жалақысы 85 000 теңге); автокөлік атасына тиесілі және ананың атына тіркелген, отбасының қажеттіліктері үшін маңызды (Д. анасын жұмысқа, атасын қажеттілігіне тасымалдайды); зиянның болмауы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сот ӘҚБТК-нің 64-1-бабын қолданды (құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болған кезде әкімшілік жауаптылықтан босату). Сот қаулысымен іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды, сот ауызша ескертумен шектелді.

Сот актісі заңды күшіне енген жоқ.

Ақмола облыстық сотының
баспасөз қызметі

ҚАҰІПСІЗ ҚАЛА



ЗАҢҒА БАҒЫНУ — ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДІҢ ӨЛШЕМІ

Құқықтық мәдениетті көтеру, азаматтық жауапкершілікті арттыру және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында Шымкент қаласының полициясы жүйелі әрі пәрменді жұмыстар жүргізіп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауларында бірнеше мәрте атап өткендей, қоғамның тұрақтылығы мен елдің болашағы құқық үстемдігіне тікелей байланысты екені даусыз. Бұл қарапайым қағида мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде де шешуші рөл атқарады. Осы бағытта шырайлы шымқала тәртіп сақшыларының мұрындық болуымен ішкі істер органдарының қызметі жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Оған тәртіп сақшыларының қылмысты ашудағы атқарып отырған іс шаралары мен сол жұмыстарының нәтижелері дәлел.

«Заң және Тәртіп» қағидатын басшылыққа алған полиция департаменті құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қорғау, заңсыз әрекеттердің кез келген түріне тосқауыл қою ісінде ауқымды нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

Бұл бағыттағы жұмыстардың ішінде шаһарда құқық қорғау органдары аса кең ауқымда жүргізетін шаралардың бірі – есірткі қылмысына қарсы күрес және нашақорлықтың алдын алуға баса көңіл бөлініп отыр. Бесіктен белі шықпай жатып замана кеселіне шалдығып қоғамның ащы дертіне айналған аса өткір жағдай – жастар арасындағы есірткіге еліктеу мәселесі екені рас. Өйткені, жыл санап нашақорлық індетінің жасарып бара жатқаны туралы статистикалық жантаушылық тірерлік фактілер жиі айтылады. Сондықтан онымен күрес тек полицияның ғана емес, бүкіл қоғамның да ортақ ісі болуы тиіс.

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ МАЙДАН ЕЛ ЕРТЕҢІ ҮШІН КЕРЕК

Шымкент қалалық полиция департаментінің ресми ұсынған мәліметтеріне жүгінсек биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша Шымкент қаласында 443 есірткіге қатысты қылмыстық құқық бұзушылық фактілері тіркелген.

Оның ішінде 79 – сату, 14 – аса ірі көлемде сақтау, 32 – заңсыз егіп-өсіру, 5 – жарнамалау және насихаттау фактілері анықталған. Сондай-ақ 310 жағдай есірткі тұтынуға қатысты әкімшілік теріс қылық ретінде қарастырылып отыр. Шымкент қалалық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Құрманбек Сахов тәртіп сақшыларының жедел әрекеті мен жүйелі жұмысының арқасында нашақорлық пен есірткі қылмысының тамырына балта шабу мүмкін болғанын атап өтті. – Полиция қызметкерлерінің шеберлігі мен қырағылық көрсетуінің арқасында қала аумағында жүргізілген рейд шараларының нәтижесінде заңсыз айналымнан 350 келіден астам түрлі есірткі заттары қолға түсті. Оның ішінде 30 келіге жуық синтетикалық есірткілер тәркіленіп алынған, – дейді.

Жыл басынан бері жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде полиция қызметкерлері жоғарыда аталған қылмыстық фактілер бойынша күдікті деп танылған 422 тұлғаға қатысты 432 қылмыстық істерді сотқа жолдап, нақты үкімдер шығарылған.

Полиция ұсынған мәліметтерге сенсек арнайы «Қарасора – 2025» жедел-профилактикалық операциясы кезінде есірткі жеткізудің бірнеше арнасы жойылып, ұйымдасқан қылмыстық топтардың жолы кесіліп, бұлтартпас дәлелді фактілер арқылы қылмыстық істердің ізі суымай ашылған.

Есірткі айналасындағы қылмыстармен қатар үшінші мегаполисте цифрлық кеңістіктегі заңсыз әрекеттер де назардан тыс қалмағанын атап өткен жөн. Тәртіп сақшылары жүргізген мониторинг нәтижесінде 1628 интернет-сайт, әлеуметтік желілер мен мессенджер арналарындағы есірткі саудасына қатысты материалдар анықталып, бұғаттауға жіберілген.

Департамент мәліметінше қылмыстық әрекеттерде пайдаланылған 1710 банк шоты тоқтатылып, 47

қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатынын ескертеді.

Заңнамаға сәйкес, мұндай жауапкершілік 16 жастан, ал ерекше жағдайларда тіпті 14 жастан басталатыны рас. Бұл – қоғам мен мемлекет тарапынан жастарды қорғауға, олардың болашағын ұландырмауға арналған қатаң, бірақ әділетті қадам екені айқын.

ЖАС САҚШЫЛАР – ПАТРИОТИЗМ МЕН ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ

Құқықтық сана мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырудың тағы бір маңызды тетігі – жастар тәрбиесі мен спорттық-патриоттық жобалар десек қателеспейміз. Осы бағытта Шымкент қаласында өткен «Жас сақшы» және «Жас динамо» кадет сыныптары арасындағы шағын футболдан республикалық турнир қоғам тарапынан үлкен қоғамдық қолдау тапты.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кубогына арналған бұл турнир «Металлург» стадионында өтіп, еліміздің барлық



миллион теңгеден астам заңсыз қаражат айналымнан алынғаны анықталды. Бұл – құқық қорғау органдарының табандылығы мен цифрлық іздестіру технологияларының нәтижесі екені даусыз.

Ең бастысы – бұл көрсеткіштер қоғамда есірткімен байланысты қылмыстардың алдын алуға, жастардың бойында саналы таңдау мен өмірге құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталғанын атап өткен жөн.

Полиция қызметкерлері тұрғындарды сақтыққа шақырып, кез келген есірткіге қатысты әрекеттің

өңірінен келген 200-ден астам жас сақшылардың басын қосты.

Спорттық шараның салтанатты ашылу рәсімінде «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары Асқар Омарқұлов пен Шымкент қаласы Полиция департаментінің бастығы Нұрлан Алмасбеков жас спортшыларға сәттілік тілеп, олардың ерік-жігеріне жоғары баға берді.

– Болашақ жас сақшылардың бойынан тек спорттық рух қана емес, елге қызмет етуге деген ұмтылыс,

тәртіпке деген құрмет пен командалық бірлік сезімі анық байқалады. Жігері мықты, талабы биік бұл жас өрендеріміз ертен ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мықты мамандар болып өсетініне кәміл сенімдімін, – деп атап өтті Нұрлан Алмасбеков.

Сахна төрінде №45 мектеп-гимназиясы оқушыларының барабан шоуы мен авиа модельдеу бойынша аэрошоу, сондай-ақ воркаут бойынша халықаралық турнир жүлдегерлерінің өнері де көрермендерге ерекше әсер қалдырғанын атап өткен жөн. Шара соңында бейбітшілік пен достықтың нышаны ретінде аспанға ақ көгершіндер ұшырылды.

Турнир қорытындысы бойынша төртінші орынға – Түркістан облысының командасы табан тіресе, қола жүлде – Ақмола облысының қанжығасына ілінді. Сондай-ақ күміс жүлде – Жетісу облысына бұйырса, ал чемпиондық кубок – Астана қаласының жас сақшылары еншіледі.

Бұл дода тек спорттық жарыс емес, жас буынды тәртіпке, елжандылыққа және салауатты өмірге тәрбиелейтін рухани мектеп іспетті болғаны сөзсіз.

«АҚЫЛДЫ ҚАЛА – ҚАҰІПСІЗ ҚАЛА»

Қоғамдық қауіпсіздік саласында цифрлық шешімдер мен жаңа технологияларды енгізу де уақыт талабы екені рас. Шымкент қаласы Полиция департаменті бұл бағытта да нақты нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

Мәселен «Цифрландыру және инновацияларды енгізу» жобасы аясында ведомство IT-инфрақұрылымды жетілдіріп, жасанды интеллект негізінде талдау және жедел әрекет ету жүйесін енгізіп отыр. Бұл – полиция қызметінің ашықтығын арттырып, қоғамның сенімін нығайтуға мүмкіндік беретін маңызды қадам десек қателеспейміз.

Мұндай инновациялық тәсілдер құқық бұзушылықтың алдын алуға, сондай-ақ көше қауіпсіздігін күшейтуге әрі тұрғындардың өтініштеріне жедел жауап беруге жол ашқан. Цифрлық шешімдер қылмыстық әрекеттерді талдауда, бейнебақылау және деректерді біріктіру жүйелерінде кеңінен қолданылып, «ақылды қала – қауіпсіз қала» қағидатын іске асыруда нақты тетікке айналып келеді.

Қала полициясының еңбегі – қоғамның тыныштығы мен азаматтардың сеніміне негізделген. Жастардың спорттық жетістіктері, құқықтық сананың артуы, цифрландыру мен инновациялардың дамуы – барлығы да бір мақсатқа, яғни қауіпсіз әрі әділетті қоғам құруға бағытталған. Заң үстемдігі – мемлекеттің айнасы болса, тәртіп пен әділет – ұлттың рухани тұғыры. Ал осы қос ұстанымды өмірлік принципке айналдыру – әрбір азаматтың парызы болмақ.

А.ТОҚАНОВ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ЖАСЫЛ АЙМАҚ

Жетісу облысында ауқымды абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр

Жақында облыс әкімінің орынбасары Марлен Қапашұлы Көлбаевтың төрағалығымен «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының жүзеге асырылуы бойынша жиын өтті.

Жиын барысында 2025 жылы өңірдің қала және аудан аумақтарын абаттандыруға 19 млрд теңге бөлінгені айтылды. Бұл қаржы әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуға, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталады.

Жыл соңына дейін 21 саябақ пен 2 орталық алаң абаттандырылып, 49 аула мен 81 балалар және спорт алаңы қайта жабдықталмақ. Көпқабатты тұрғын үйлердің 77 шатыры мен 33 қасбеті жөнделіп, 16,5 шақырым арық желілері салынады. Сонымен қатар 72 тарихи-мәдени ескерткішті қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Облыс әкімінің орынбасары сондай-ақ, 285 шақырым көше жарық шамдарын орнату жұмыстары басталғанын атап өтті. Басқармалар мен аудан, қала әкімдеріне санитарлық тазалық, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары бойынша нақты тапсырмалар берілді.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Бағдарлама аясында «Үлгілі аудан орталығы», «Үлгілі ауыл» және «Үлгілі аула» атты байқаулар ұйымдастырылып отыр. Жеңімпаздар 11 қазан күні өтетін жалпы республикалық сенбілік қарсаңында марапатталады.

Облыс бойынша бүгінгі күнге дейін «Таза Қазақстан» шараларына 157 мыңнан астам тұрғын қатысып, 11 944 тонна қоқыс шығарылды. Сондай-ақ 58,2 мың түп ағаш көшеттері отырғызылды.

Жастар ардагерге қолдау көрсетті

Талдықорғанда «Taldykorgan Jastyary» жастар ұйымы Қарттар күніне орай әлеуметтік-экологиялық акция өткізді. Бұл шара «Таза Қазақстан» жобасы аясында ұйымдастырылып, жастардың қарияларға қамқорлығы мен экологиялық сана-сезімін тәрбиелеуге бағытталды.

Акцияға волонтерлермен қатар Жетісу университеті мен агротехникалық колледждің студенттері де қатысты. Олар 75 жастағы Ауған соғысының ардагері, I топтағы мүгедек Бұлғын Қасымбаевтың үйіне барып, ауласын тазалап, шаруаларына көмек көрсетті.

«Осындай іс-шаралар жастардың бойында патриотизмді қалыптастырып, үлкендерге деген құрметін арттырады. Сонымен бірге

экологиялық мәдениетке баулиды», – деді «Taldykorgan Jastyary» ұйымының жетекшісі Алишер Ауел. Ал ардагер жастардың қамқорлығына ризашылығын білдірді:

– Мен бұл қалада 40 жылдан бері тұрамын. Жастардың қолшын созып, әрдайым қолдау көрсеткеніне дән ризамын. Қыздарым жоғары білім алды, жұбайым қан құю орталығында 45 жыл еңбек етті. Осындай қамқорлық жас ұрпақтың болашағының жарқын екенін көрсетеді, – деді ардагер.

Айта кетейік, «Taldykorgan Jastyary» – «Jetisy Jastyary» мекемесінің филиалы. Ұйым жасөспірімдер мен студенттерді әлеуметтік, мәдени және спорттық жобаларға тартып, олардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал етіп келеді.

Әкім Талдықорғандағы құрылыс нысандарын тексерді

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев жұмыс сапары барысында Талдықорған қаласындағы бірнеше құрылыс және абаттандыру нысандарын аралады.

Алдымен өңір басшысы қазақтың үш тарихи тұлғасы – Ескелді би, Балпық би және Қаб-лиса жырауға арналған «Үш ата» монументі

аумағындағы жөндеу жұмыстарына назар аударды. Әкім плитка төсеу мен баспалдақ салудағы кемшіліктерді сынға алып, мердігер компанияға кемшіліктерді дер кезінде түзетуді тапсырды.

Одан кейін «Жетісу» шағын ауданындағы аулаларды абаттандыру барысы тексерілді. Мұнда соңғы жылдары 11 аула жаңартылса, биыл тағы 12 аула жөнделуде. Балалар ойын алаңдары орнатылып, жолдар асфальтталуда. Әкім мердігерлерге жұмыстардың сапасына ерекше назар аударуды ескертті.

Бейбіт Исабаев «Құлагер» шағын ауданындағы жаңадан ашылған саябаққа да барды. Қала күніне орай пайдалануға берілген демалыс орны тұрғындардың сүйікті жеріне айналып үлгерген. Әкім саябақтағы құрылыс пен абаттандыру жұмыстарына оң баға берді. Сонымен бірге «Жастар-3» ықшам ауданында 220 коттедж салынып жатыр. Бұл үйлердің бір бөлігі мемлекет тарапынан сатып алынып, тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға беріледі. Жалпы алғанда, бұл ауданда 780-нен астам коттедж бой көтермек.

Әкімнің сапары барысында қаладағы жол инфрақұрылымы да қаралды. Ұзындығы 2,3 шақырым болатын Қабанбай батыр көшесіндегі жөндеу жұмыстарының барысы тексерілді. Жобаға 30-ға жуық жұмысшы мен 13 техника тартылған. Жоспар бойынша нысан қазан айының соңына дейін толық аяқталуы тиіс.

Самал АСҚАР
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ТАЛҚЫ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСТІ ДАМУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

Жақында әл-Фараби кітапханасында «Цифрлық трансформация жағдайындағы экологиялық заңнаманы дамытудың заманауи ізденістері мен келешегі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияның мақсаты – цифрлық трансформация жағдайында экологиялық заңнаманы жетілдірудің өзекті мәселелерін талқылау, заманауи сын-қатерлерді ғылыми тұрғыдан сараптау, халықаралық тәжірибені зерделеу және ұлттық құқықтық жүйеге бейімделу арқылы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен тұрақты дамуға қол жеткізудің тиімді жолдарын айқындау.

Жиынды заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы ұйымдастырды.

Конференцияға Қазақстан мен шетелдердің жетекші ғалымдары, ҚР мемлекеттік органдардың өкілдері, халықаралық және ұлттық сарапшылар, азаматтық қоғам, құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, ЖОО оқытушылары мен студенттері, БАҚ өкілдері қатысты.

Басқосу салтанатты түрде ашылып, модератор әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жансейіт Түйебаев құттықтау сөз сөйледі. Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ басқарма төрағасының орынбасары-бірінші проректор Еркін Дүйсенов «Экологиялық

заңнаманы цифрландыру – мемлекеттік басқару реформасының құрамдас бөлігі» тақырыбында баяндама жасаса, заң факультетінің деканы Уалихан Ахатов – «Цифрлық технологиялардың экологиялық сараптама жүйесіне ықпалы» тақырыбында; кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының



меңгерушісі Гүлдана Қуаналиева – «Қоршаған ортаны қорғауда мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың құқықтық механизмдері»; кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры Дәулет Байдельдинов – «ҚР мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау саласындағы органдардың қызметінде цифрлық технологияларды қолданудың тәжірибесін құқықтық реттеу»; ҚР Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Абзал Құспан конференцияға онлайн қосылып – «ҚР экологиялық заңнаманы жетілдіру мәселелері» тақырыптарында баяндама жасады.

Сондай-ақ Қонаев университетінің профессоры Сайлаубек Әлібеков – «Кедендік бақылау: қазіргі жағдайы және болашағы», Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының кеңесшісі, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның сарапшысы Есберген Алауханов – «Экологиялық құқықтағы жасыл инновациялар мен смарт-технологиялар»; Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, Жасыл және тұрақты даму институтының директоры Рафис Абазов – «АҚШ-тың цифрлық технологияларды енгізу тәжірибесі»; Есірткі құралдардың, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығының қызметкері (Тәжікстан Республикасы, Душанбе қ.) Аваззода Барзу, ҚР Президенті іс басқармасы жанындағы Парламентаризм институтының бас маманы, философия докторы Нұржан Сәулен – «ҚР экологиялық заңнамасындағы жаңа өзгерістер: қазіргі жағдайы мен өзектілігі» тақырыбында баяндама жасады.

Жиын барысында бұдан өзге де қонақтар, онлайн қатысушы спикерлер сөз алып, экология, құқық, цифрландыру тақырыптары төңірегіндегі өзекті жағдайларды ортаға салды.

Шолпан КӨПРБАЙ,
«Заң газеті»

Сіз не дейсіз?

Уалихан АХАТОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің деканы:

«ЖИ заңнаманы түзетуде тиімді жолдар тізбегін оңтайландырады»

– Цифрлық трансформация жағдайындағы экологиялық заңнаманы дамытудың заманауи ізденістері мен келешегі қандай деп ойлайсыз?

– Жақында ҚР Президенті Қ. Ж. Тоқаев халыққа жолдауын жасады. Бұл жолдаудың ерекшелігі қазіргі цифровизация дәуірінде қоғамның барлық саласын цифрландыру, яғни жасанды интеллекттің элементтерін пайдалана отырып мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру, яғни қазіргі технологиялардың озық үлгілерін пайдалана отырып өз мемлекетіміздегі басты бағыттарды жеңілдету жұмыстарын қолға алуымыз керек. Мәселен, экологиялық заңнамаларды жетілдіру бойынша туындап жатқан мәселелер негізінде Қазақстанда көптеген экологиялық, техногендік жағдайлар орын алуда. Егер біз осы озық технологиялар мен жасанды интеллекттің элементтерін толық пайдалана білсек мониторинг жасауға, жоғарыдағыдай мәселелердің алдын алуға және тиімділігін арттыруға үлкен септігін тигізеді.

– Жасанды интеллектті технология-

лық, экологиялық заңнамаларды түзетуде қолдануға қатысты пікіріңіз қандай?

– Жасанды интеллектті дұрыс пайдалана алсақ заңнаманы түзетуде қолданғанымыз өте дұрыс деп есептеймін. Себебі жасанды интеллект шығарған тұжырымдарды қолданғанымызбен, соңғы шешімді қабылдайтын – өзіміз.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі:

«Цифрлық даму деңгейін жетілдіре түсеуіміз қажет»

– Бүгінгі конференцияны ұйымдастырудағы басты мақсат қандай, жиынның ерекшелігі неде?

– Өте жақсы сұрақ. Шын мәнісінде бұл конференцияға біз көп дайындалдық. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жолдауы аясында «Цифрлық трансформация жағдайындағы экологиялық заңнаманы дамытудың заманауи ізденістері мен келешегі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Біз жолдауды өзіміздің заң факультеті ұжымымен, кафедрада студенттер және ма-

гистрлармен, доктаранттармен мұқият түрде тындап, талқылап, студенттерге насихаттап жатырмыз.

Бұл конференцияға ғалымдар, практиктер, тәжірибелі мамандар, сонымен қатар шетелдік ғалымдар қатысты. Атап айтқанда Тәжікстан, Өзбекстан, Польша, Италия ғалымдары онлайн қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті. ҚР Мәжіліс депутаттары да қатысып, өз ойларымен бөлісті. Бұл конференцияның резолюциясында экологиялық заңнаманы жетілдіруге байланысты нақты тың ұсыныстар әзірленген болатын. Бұл дегеніміз білім беру саласындағы тағы бір ерекшелік Парламентаризм институты мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті арасындағы жасалған меморандумда экология, кеден, қаржы мәселесіне байланысты жұмыстар жүргізу бойынша келісімшартқа ресми түрде қол қойылды. Бұл да осы экология мәселесіне қатысты тиімді әрі сапалы өзгерістер енгізуге нық қадам деп есептеймін.

– Цифрлық бағдарламалар төңірегінде не айтар едіңіз?

– Цифрлық бағдарламалар, құрылғылар өз нәтижесін жақсы деңгейде көрсетіп, дамып жатыр және сапасы да күн санап артып келеді. Тіпті Президентіміздің өзі айтқандай біз Қазақстанда цифрлық даму деңгейінде жетілдіре түсеуіміз тиіс. Қолданыстағы егов, бигдата сынды барлық жобалардың қызметін жоғары деңгейге жеткізу өз қолымызда. Әлі де дамулар болады деп есептеймін.

КӨКЕЙКЕСТІ

ОРТАҚ КҮРЕСТЕ ҒАНА ОҢ НӘТИЖЕ БОЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жәбірленушінің баяндауынша, алаяқтар біреулер оның атынан 4 миллион теңге несие алып үлгергенін, тез арада соны жабу қажеттігін, ақша ешқайда кетпейтінін, «Ұлттық банктің» есебінде тұратынын айтып тағы да қоңырау шалған. Тіпті ақшаны «Касса 24» деген терминалға салуға кеңес берген. «Олар көрсеткен мекенжайларға барып, бірнеше терминалдан жіберіп отырдым. Артынша олар «Ұлттық банкке» салынған ақшаның көшірмесін жіберді. Одан кейін жеделдетіңіз, ертеңгі күнге үлгермей қалуыңыз мүмкін, сіздің есепшотыңыздағы ақшалар қауіптің астында тұр, сондықтан Халық банктегі ақшаны да алыңыз, біз бәрін бақылауда ұстаймыз, алаяқтарға кетпейді»

деп сендірді. Содан соң қорымдағы 5 миллион теңгені шешіп алып курьерге беріп-пін. Алаяқтар мұнымен тоқтамай, Еgov-тағы барлық деректі жаңалап, үйімді нотариус арқылы нарықтық бағадан төмен қаржыға сатуға кеңес берді.

Ал ақшасы әдеттегідей ешқайда кетпейді, «Ұлттық банк» есебіне түсетінін айтып сендірді. Сөйтіп, үйімді 26 маусымда 31 миллион теңгеге нотариус арқылы саттым. Олар менің атымнан «Қрыша» сайтына үйдің сатылымға шыққаны туралы хабарландыру салды. Одан кейін екі кибералаяқтың нұсқауы бойынша ақшаны кешікпей сатар келісімдерге және «ҚНН-ның» шотына аударып отырдым. Олар сағат сайын ақшаның «Ұлттық банктің» есебіне түскенін хабарлап, чектің көшірмесін жіберіп отырды.

«Барлығы дұрыс болады, сіздің Еgov-тағы деректеріңіз толық жаңаланып жатыр, енді алаяқтар оған кіре алмайды, онымен Абай адвокат айналысып жатыр» деді. Пәтер сатып алушылармен өзіміз айналысамыз, қам жеменіз, өзіміз айтамыз деп уақыт созып, жазуын тоқтатпады», – деп мәлімдеді профессор. Өкініштісі, мұндай оқиғалар жиі орын алып жатыр.

Елімізде 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында интернет арқылы жасалған алаяқтық істері 25%-ға артып, 12 390 жағдай тіркелген. Жоғарыда айтылғандай, бұл қылмыстардың 80%-ы ашылмаған күйде қалып отыр. Кибералаяқтықпен күресу мақсатында елдегі банктер мен қаржы реттеушілер бірқатар жаңа ереже енгізе бастады. Мәселе толық бақылауға алынды демесек те, елеулі нәтиже бар. Статистикаға сүйенсек, бытыр Ұлттық банк жанынан құрылған алаяқтыққа қарсы орталық 12 мыңнан аса әрекеттің алдын алып, 967 миллион теңге көлеміндегі қаражатты бұғаттаған.

Сарапшы Олжас Есенбай кибералаяқтықтан қорғану үшін мемлекет, құқық қорғау органдары және әр азамат бірлесу әрекет етуі қажеттігін айтады. Оның айтуынша, сандық сауаттылықты арттыру һәм халықты

ұдайы ақпараттандыру – бұл күрестегі басты құрал. «Бірінші кезекте цифрлық сауатты арттыру керек. Әсіресе, егде жастағы азаматтарға онлайн қауіптер туралы үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде алаяқтықтың түрлі сценарийлерін нақты мысалдармен көрсету – сақтанудың бір жолы. Екіншіден, банк пен қаржы ұйымдарының жауапкершілігі күшеюге тиіс. Олар өз клиенттерінің деректерін қорғау механизмін жетілдіріп, қауіптің алдын алатын жүйелерді шұғыл енгізуі қажет. Үшіншіден – заңнамалық тұрғыда киберқылмыстармен күресті күшейту қажет. Алаяқтыққа қатысты жазалар қатайтылып, іздестіру жүйесі халықаралық деңгейде үйлестірілуге тиіс.

«Сақтансаң – сақтайды» деген қағиданы ұмытпайық. Бейтаныс қоңырау мен сілтемеге сенбеңіз, банк картаңыздың деректерін ешкімге бермеңіз, күмен тудырған жағдайда бірден мамандармен ақылдасыңыз. Өйткені қауіп – экранның ар жағында емес, дәл өзіңізбен байланыс орнатқан сәтте болуы мүмкін», – дейді О. Есенбай.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі уақытта да мемлекеттік құрылымдарды жүйесіз қайта құру жүріп жатыр, мемлекеттік қызметкерлер құрамында еш өзгеріс жоқ, қызмет орны ғана ауысады – тіпті жұмысындағы елеулі кемшілігі, өкілеттігін асыра пайдаланғаны, сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін қызметінен босатылғандар қайтадан лауазымды орындарға оралып жатады.

Іс жүзінде билікке азаматтық қоғам, ғылыми орта мен кәсіби қоғамдастықтан шыққан адамдар келмейді, себебі мемлекеттік қызметке кіру үдерісі шамадан тыс бюрократияланған, мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеу жүйесі сыбайлас жемқорлық жасауға қолайлы, сондай-ақ трайбализм, туысқандық байланыс, жеке адалдық және т.б. элементтер бар.

Жағдайды жақсы жағына өзгерту үшін «косметикалық» өзгеріс емес, саяси жүйені, мемлекеттік басқару жүйесін тереңінен өзгертуге, «тежемелік және тепе-теңдік» жүйесі қағидаттарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, азаматтық қоғам институттарын қалыптастыруға бағытталған түбегейлі конституциялық өзгеріс қажет.

– **Қазақстан Конституциясының жаңа жобасын жасауға не түрткі болды?**

– Осыған дейін атқарған барлық жұмысым егеменді Қазақ Республикасының үшінші Конституциясының Тұжырымдамасы мен жобасын әзірлеуіме түрткі болды. Бұл – 40 жылдан астам кәсіби тәжірибесі бар, заң шығару үдерісін жетік білетін ғалым, заңгер, мемлекеттік басқару жүйесіндегі шектен шыққандықты қабыл алмайтын өз елінің патриоты ретіндегі Қазақстанды мемлекеттік қайта құру ісіне қосқан жеке үлесім. Өкінішке қарай, бұл бастамам билік тарапынан да, ғылыми және кәсіби қоғамдастық өкілдері тарапынан да қолдау таппады. Дей тұрғанмен, жекелеген ескерту, ұсыныс, кеңес, сын-пікірлер түсіп жатыр, мұның бәрін ризашылықпен қабыл алып, талдап жатырмын. Осының барлығы егемен Қазақ Республикасының үшінші Конституциясы жобасының соңғы нұсқасын аяқтауыма көмектесетініне сенімдімін. Өзім әзірлеген Конституция жобасын ілгерілету бойынша басқа да жоспарларым бар, сондай-ақ осы бастамаға қандай да бір беделді ұйымдар, тәуелсіз мекемелер мен сарапшылар қолдау білдіріп, оны алға жылжытуға атсалысатын деген үмітімді үзбеймін.

– **Президент биылғы жолдауында бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтерді. Бұл туралы не айтасыз?**

– Бұл өте орынды бастама, өйткені мемлекеттік құрылыс тарихы да, мемлекет және құқық теориясы да біртұтас мемлекетте қос палаталы Парламенттің болуы қысыныздық екенін көрсетіп отыр. Біздің елде Сенат тұңғыш Президенттің авторитарлық режимін нығайту үшін құрылған болатын және оның бұл мақсаты толығымен жүзеге асты. Сенатты қалыптастыруға халық еш қатыстырылған жоқ, бірақ халық – елдегі биліктің бірден-бір қайнар көзі. Сондықтан бір палаталы Парламент құру – заман талабы және конституциялық құрылыс жолында жасалған жаңа қадам болмақ. Дегенмен, бұл бастаманы және мемлекеттіліктің дамуына қатысты басқаша көзқарасты қазақ мемлекетінің жаңа, үшінші Конституциясы негізінде жүзеге асыру қажет.

– **Қоғамның бір мүшесі ретінде елдегі саяси партиялардың қызметін қалай бағалайсыз?**

– Өкінішке қарай, елімізде саяси өмірдің оң тәжірибесі болған жоқ. Кеңестік құрылыстан бізге мұра болып қалған коммунистік партия тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қызметін жалғастырып, іс жүзінде билікке оппозиция болды. Ол кезде халық құрметтеген беделді көшбасшылары да болды, бірақ бұл қайраткерлер саяси сахнадан кеткен соң, коммунистік партия елдің саяси өміріндегі маңызын жойып, біртіндеп билікшіл партияға айналды.

«Нұр Отан» партиясы тұңғыш президенттің партиясы еді, оның құрамында негізінен мемлекеттік қызметкерлер мен билікке жақын адамдар болды. Ол мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылып, Мемлекет



«СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАЙ БЕРУДІ ТОҚТАТУ ҚАЖЕТ»

...еліміздің сот жүйесі мінсіз және судьялар құрамы сапалы болсын десек, онда: сот жүйесін реформалауды тоқтату қажет, өйткені мемлекеттік биліктің бұл тармағы тұрақты болуы және сот билігіне тән классикалық формаларға сай келуі керек; соттар мен судьяларды мамандандыруды жалғастырған жөн, бұл сот төрелігін атқарудың сапасын арттыруға жақсы негіз болады, өйткені судья құқықтың барлық саласының маманы бола алмайды; жүктемені азайту мақсатында судьялардың санын айтарлықтай арттыру қажет.

беретін, шынымен де жұмыс істейтін демократиялық институттар болуы тиіс. Мемлекеттік органдарда, соның ішінде сот жүйесінде де азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша бірыңғай тәжірибе қалыптасуы қажет. Қоғамдық қатынас негізінде заңдылық, әділеттілік және адамгершілік жатуы тиіс. Осындай тәсіл ғана ел азаматтарының белсенділігіне оң әсер етуі мүмкін.

– **Қазіргі саяси партия жетекшілері арасынан кімді қайраткер деп атай аласыз?**

– Өкінішке қарай, қазіргі саяси партиялардың бір де бір жетекшісін қоғамның құрметіне ие көшбасшы, мемлекет немесе қоғам қайраткері деп айта алмаймын. Барлық саяси партия жетекшілері билікті жақтайды, билікке тәуелді. Әрине, бұл менің жеке пікірім, мүмкін, менімен келіспейтін адамдар да бар шығар...

– **Бұрынғы халық соғы ретінде, судьялардың жоғарыдан тағайындалмай, сайлау арқылы қызметке келуі туралы ойыңыз қандай?**

– Менің судья қызметінде елеулі еңбек өтілім бар. Ресей Федерациясында бірінші инстанция сотында судья болдым, Алматы қалалық соты төрағасының орынбасары қызметін атқардым, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болдым. Ресейде мені судья қызметіне КСРО кезіндегі тәртіп бойынша халық сайлады, екінші сатыдағы сот төрағасының орынбасары қызметіне Алматы қалалық халық депутаттары кеңесінің сессиясында сайландым, Жоғарғы Соттың судьясы лауазымына Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі сайлады. Осылайша, судьялық өмірбаянымда қызметке үш жолмен сайландым. Қайсысы ең дұрыс ереже болғанын айта алмаймын.

Менің пікірімше, ең бастысы – судьяларды сайлау немесе тағайындау емес, судья лауазымына кадрлар

ды дұрыс іріктеу. Судья қызметіне үміткердің жоғары академиялық білімі, заң мамандығы саласында жеткілікті кәсіби тәжірибесі болуы керек. Сондай-ақ ол әділеттілік пен адамгершілік қағидаттарын ұстана-тын, тәуелсіз және жауапкершілігі мол төреші болуына жол ашатын биік тұлғалық қасиеттерге ие болуы керек. Егер судья қызметіне үміткер осы талаптарға сай болса, оны тағайындау немесе сайлау керек деген мәселенің еш маңызы болмайды. Судьялардың сайлануы немесе тағайындалуы сот төрелігінің сапасына айтарлықтай әсер етпейді. Бұған нық сенімдімін. Бірақ егер біздің басшылар мен қоғамымыз еліміздің сот жүйесі мінсіз және судьялар құрамы сапалы болсын десе, онда: сот жүйесін реформалауды тоқтату қажет, өйткені мемлекеттік биліктің бұл тармағы тұрақты болуы және сот билігіне тән классикалық формаларға сай келуі керек; соттар мен судьяларды мамандандыруды жалғастырған жөн, бұл сот төрелігін атқарудың сапасын арттыруға жақсы негіз болады, өйткені судья құқықтың барлық саласының маманы бола алмайды; жүктемені азайту мақсатында судьялардың санын айтарлықтай арттыру қажет. Әрбір судьяның кәсіби көмекшісі институтын енгізу керек, оның бірнеше көмекшісі

Жұмагелді ЕЛУБАЕВ,

з.ғ.д., профессор, MCIArb, «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттар палатасының мүшесі:

арналған келісімшартта мемлекеттің мүддесін елдің құзыретті органы білдіреді. Ол келіссөз жүргізу, келісімшарт жобасын әзірлеу, оған қол қою кезеңінде жер қойнауы халықтың меншігі екеніне сүйеніп, мемлекет пен қоғамның мүддесін басшылыққа алуға міндетті. Келісімшартқа екі тарап өздері келіскен шарттардың негізінде қол қояды. Егер келісімшартты әзірлеу және оған қол қою кезінде мемлекетке өкілдік ететін адам біліксіз, жемқор болса немесе жеке мүддесін күйттесе, бұл ел мүддесінің қорғалмауына қолайлы жағдай туғызады.

Жер қойнауын пайдалану саласында негізінен шетелдік инвесторлар жұмыс істейтіндіктен, әлбетте, олар өзінің мүддесін, капиталын және пайдамен қайтуын қорғайды. Келіссөз барысында, келісімшартты әзірлеу және оған қол қою кезінде әдетте олар өздеріне қажет шарттарға қол жеткізеді. Ал егер бұл шарттар елімізге қолайсыз болса, өзара тиімді шарттарға қол жеткізу үшін мемлекет тарапынан келіссөз жүргізетін мамандардың кәсіби деңгейі жоғары болу керек.

Дегенмен, жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардың арасында еліміздің мүддесін толық дәрежеде қорғайтын келісімшарттар да бар деп долбарлауға болады.

Бірақ бұған инвесторлар емес, Қазақстан тарапы кінәлі.

– **Кейбір Парламент депутаттары шикізаттық келісімшарттарды қайта қарастыру керек деген ұсыныс айтып жүр. Бұл қаншалықты негізді деп ойлайсыз?**

– Халық қалауларының мұндай үндеуін қолдамаймын, себебі бұл ең алдымен олардың өз беделін арттыруға немесе жаңадан шыққан олигархтар тобының мүддесін қорғауға бағытталған хайпы. Сонымен қатар, олардың құқықтық мәдениеті жоқтығын және қолданыстағы заңнаманы білмейтінін айтуға болады.

Қазақстанның азаматтық заңнамасы, келісімшарттарда бекітілген қолданыстағы заңнама, сондай-ақ келісімшарттарда қамтылатын төрелік ескертпелерде келісімшарттың қандай жағдайда және қандай негіз бойынша қайта қаралуы мүмкін екені нақты көрсетілген. Сондықтан мемлекеттік биліктің заң шығарушы тармағының өкілдері болып табылатын депутаттар бұл ережелерді білуге және сақтауға міндетті.

Бұдан басқа, іс жүзінде жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардың барлығы, әсіресе ірі кен орындарын игеру үшін жасалғандары шетелдік капиталды пайдалануға негізделген. Яғни, әр келісімшарттың артында ұлттық және шетелдік инвесторлар тұр. Олардың құқықтары мен заңды мүдделері де мемлекеттің келісімшартты үзуге немесе өзгертуге бағытталған негізсіз әрекет жасауынан қорғалуы тиіс. Мемлекет келісімшартты кез келген негіз бойынша өзгертуге бастамашы болса, бұл елдегі инвестициялық климатқа тікелей әсер етеді және оның салдары жағымсыз болатыны анық. Ал біздің елімізге бұрын да, қазір де жер қойнауын пайдалану саласына ғана емес, экономиканың басқа да секторларына қомақты инвестиция құю қажет. Сондықтан Парламент депутаттарының мұндай үндеуі ел үшін қауіпті.

Еліміздің экономиканы дамытуға жетерлік бос қаражаты бұрын да болмаған, қазір де жоқ, сондықтан ел басшылығы жаңа инвестор іздеуге назарын аударып отыр. Ал мемлекет өз мүддемді қорғаймын деген желеумен қолданыстағы келісімшарттарды қайта қарауға бастамашы болатын елге қандай инвестор келеді?

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БІР МҮДДЕ

«КЕЛЕШЕК» – ҰРПАҚ ҚАМЫН КӨЗДЕГЕН КЕМЕЛ ЖОБА

Қоғам үшін ең құнды инвестиция – адамның білімі мен әлеуетіне салынған салым десек қателеспейміз. Бұл аксиомаға айналған ақиқат. Өйткені болашаққа сенімді қадам жасаудың бірден-бір жолы – білім мен тәрбие арқылы өсіп-жетілген, саналы әрі қабілетті ұрпақ тәрбиелеу.

Осындай түсінікпен өмір сүріп келе жатқан әрбір ата-ана баласының келешегі үшін барынша жауапкершілікпен қарап, өз мүмкіндігінше әрекет етеді. Алайда, өкінішке қарай кез келген отбасының қаржылық мүмкіндігі бірдей емес. Сондықтан талабы мен таланты болса да талай баланың қаражаттың тапшылығынан оқи алмай қалатыны жасырын емес. Ал қазіргі заманда жоғары білім мен тұрғын үй мәселесі барған сайын күрделеніп келе жатқаны тағы бар. Осындай өзекті әлеуметтік теңсіздікті болдырмау және еліміздің әр баласына әділетті мүмкіндік беру үшін мемлекет тарихи мәні бар үлкен жобаны іске қосты. Ол – «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі десек қателеспейміз...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бастаманы 2023 жылғы Қазақстан халқына жолдауында ұсынып, 5 жасқа дейінгі балалар үшін бірыңғай жинақ жүйесін құруды тапсырған еді. Бұл жоба бүгінгі таңда білім алуға, қаржылық дербестікке және тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған қаржылық және әлеуметтік негізгі құралдардың бірі ретінде жүзеге асып отыр. Ең бастысы – бұл тек жинақтау жүйесі ғана емес, сонымен қатар – болашақ ұрпаққа жасалып отырған мемлекеттік қамқорлықтың нақты көрінісі десек те артық айтқандық болмас. Бұл – ұлт ретінде кемелденуге бағытталған қадам әрі ұлттың болашақ ұрпағының білімді болып өсуіне мүмкіндік беретін жүйе екенін де атап өткен жөн.

«Келешек» – мемлекеттік бағдарламасының басты ерекшелігі сол құрылымында үш тараптың да жауапкершілігі үйлестірілгендігінде болса керек. Өткен жылдан бастап толық күшінде жұмысы жүзеге асырыла бастаған бағдарламаға сәйкес мемлекет, ата-ана және қаржы ин-

титуттары баланың келешегі үшін бірлесіп әрекет етпек. Жүйеге сәйкес, егер ата-ана баласына 5 жасқа дейін «Келешек» шотын ашса, мемлекет ол балаға бастапқы білім капиталы ретінде 60 АЕК көлемінде бір реттік жарна аударады. Бұл қазіргі есеппен шамамен 235 920 теңге. Ал ата-ана қамқорлығынан айырылған жетім балалар үшін бұл сома екі еселеніп, 120 АЕК-ке дейін, яғни 471 840 теңгеге жетеді. Мемлекеттік бұл жарна бір реттік, әрі тек баланың шоты уақытылы, яғни 5 жасқа дейін ашылған жағдайда ғана аударылмақ.

Бірақ аталған жобаның игілігі бұл сомамен шектелмейді. Шотқа салынған жыл сайынғы ата-ана жарнасына мемлекет тарапынан 5 пайыздан 7 пайызға дейін сыйақы қосылады. Көпбалалы отбасыларға, ерекше қажеттіліктегі баласы бар жанұяларға және жетім балаларға 7 пайыздық үстемақы тағайындалады. Сонымен қатар бұл депозиттерге банктер мен сақтандыру ұйымдары да ең кемінде 12 пайыз көлемінде сыйақы есептейтінін атап өткен жөн. Қарапайым тілмен айтқанда, егер ата-ана жүйеге ерікті түрде қосылып, жыл сайын қаражат құйып отырса, мемлекет пен қаржы ұйымдары бұл салымға қосымша қаржы қосып береді. Бұл – елде бұрын-соңды болмаған тәжірибе екені де рас.

Салым мөлшері де отбасының әлеуметтік мәртебесіне қарай есептеледі. Кәдімгі отбасылар үшін жылдық жарна – 24 АЕК, яғни 94 368 теңге болса, ал көпбалалы немесе мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылар үшін бұл сома екі есе азайтылып, 12 АЕК-ті құрайды. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар бұл жарнадан мүлде босатылады. Егер ата-ана шотқа жыл сайын белгіленген соманы құйып отырмаса, бастапқы



капитал мен мемлекеттік сыйақы кері қайтарылуы мүмкін. Сондықтан мамандар жүйеге қатысуда тәртіп пен жауапкершіліктің аса маңызды екенін айтады.

Қаржылық жинақ 18 жасқа толған кезде ғана пайдалануға берілмек. Жиналған қаражат тек нақты үш мақсатқа жұмсалады. Атап айтқанда Қазақстанның және шетелдік жоғары немесе кәсіптік білім беру орындарында оқуға, тұрғын үй сатып алуға бастапқы жарна ретінде қолдануға сонымен қатар қажет болған жағдайда – жинақты өзінен кейінгі бауырына аудару мүмкіндігі де қарастырылпты. Егер бала мемлекеттік грант негізінде оқуға түссе, жиналған қаржыны магистратураға, шетелде оқуға немесе ипотекаға үй рәсімдеуге бағыттауға болады. Ал егер білім алуға қаржы қажет болмай, жас азамат өздігінен білім алып, дипломын көрсете алса, онда барлық жинақталған қаражат оның жеке есепшотына аударылатынын да атап өткен жөн.

«Келешек» жобасының тағы бір ерекше артықшылығы сол – оның «Ұлттық қор – балаларға» жобасымен интеграциялануында десек артық айтпаспыз. Былтырғы жылдан бастап еліміздегі әрбір балаға Ұлттық қордан жыл сайын шамамен

100-110 АҚШ доллары көлемінде қаражат аударыла бастады. Бұл да 18 жасқа дейін жинақталып, тек білім мен тұрғын үйге бағытталуы тиіс. Екі жоба бірін-бірі толықтырып, еліміздегі әрбір баланың дербес өмір бастауына шынайы мүмкіндік беріп отыр.

Жаңадан ашылған бұл бағдарламада сонымен қатар жүйенің

Standard Life және Eurasia сынды сақтандыру ұйымдары да аталған «Келешек» бағдарламасы бойынша арнайы шарттар ұсынып отыр. Жоба алғашқы кезеңінде-ақ ата-аналардың қызығушылығын оятып, нақты нәтижелер көрсете бастады. Сарапшылардың айтуынша, егер ата-ана шотты 5 жасқа дейін ашып, жыл сайын жарнаны жүйелі түрде салып отырса, 18 жасқа жеткенде жиналатын сома 8-8,5 миллион теңгеге дейін жетеді. Бұл – баланың оқуына толық жететін қаражат, немесе тұрғын үй сатып алуға бастапқы жарна ретінде жеткілікті сома.

Бағдарламаға қатысушы қаржылық ұйымдар мен сақтандыру компанияларының өкілдері елімізде қолға алынған бұл мемлекеттік бағдарламаның берері мол екенін айтады. Өйткені 2040 жылға дейін мемлекеттік гранттардың азаюы дәл осы бағдарламалардың көмегімен қаражат жиғандарға үлкен мүмкіндік болмақ.

Елімізде жүзеге асырылып, бүгінде кеңінен қолданыла бастаған «Келешек» жүйесі өте ойластырылған бастама дер едім. Менің ойымша, бұл білімнің қаржылық жағынан қолжетімді болуына және отбасыларға алдын ала өз қаражаттарын жоспарлауға жақсы қадам әрі мол мүмкіндік дер едім. Әсіресе, үнемі ақша жинауға мүмкіндігі бар және білімді ұзақ мерзімді инвестиция ретінде қарастыратындар үшін өте пайдалы. Сондықтан, балаларының болашағын ойлайтын ата-аналар «Келешек» бағдарламасы арқылы өз баласына лайықты инвестиция құя алады. Бұл мүмкіндікті пайдаланып жатқан халықтың да қарасы көбейіп келеді. Осы жылдың 1 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша тек біздің сақтандыру қоры арқылы ғана елімізде 1914 келісімшарт жасалған, – дейді «Halyk-Life» сақтандыру компаниясы Ақмола облыстық филиалының директоры Динара Жүнісова.

P.S. «Келешек» – жай ғана қаржылық жоба емес, бұл – ұлттың болашағына деген үлкен сенім. Бұл – мемлекет, қоғам, ата-ана және қаржы институттарының бала тағдырына деген ортақ жауапкершілігінің көрінісі. Қазақ «Баланы жастан» дейді. Ал бұл бастама – сол даналықтың заманауи нұсқасы. Егер бүгін әр баланың болашағына бір кірпіш қалап қойсақ, ертең ол берік қабырғаға, еңселі шаңыраққа айналары анық. Ел ертеңіне деген сенім мен жауапкершілік осы «Келешекпен» бірге қалыптасады. Сондықтан да бұл жобаның аты да, заты да өз орнында: болашақтың бастауы бүгіннен басталады.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

МӘСЕЛЕ

АДАМ ТАҒДЫРЫН САУДАҒА САЛҒАНДАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Адам саудасы – қазіргі заманның ең қатігез қылмыстарының бірі. XXI ғасырда адам құқықтары халықаралық деңгейде заңмен бекітілгенімен, жыл сайын әлем бойынша 25 миллионнан астам адам мәжбүрлі еңбекке жегіледі, жыныстық қанауға түседі немесе заңсыз мақсатта пайдаланылып отыр. Бұл қылмыс кіріс әкелу жағынан есірткі мен қару-жарақ саудасынан кейін үшінші орында тұр, яғни адамды сатып алу мен сату миллиардтаған доллар айналымы бар «көлеңкелі нарық».

Қазақстанда соңғы бес жылда ішкі істер органдарының мәліметінше, 500-ден астам қылмыстық іс қозғалған. Бірақ сарапшылар бұл көрсеткіштің шынайы жағдайды ашпайтынын айтады. Себебі көптеген құрбандар қорыққанынан, намыстан немесе құқық қорғау органдарына сенбегендіктен арызданбайды. Халықаралық көші-қон ұйымының дерегіне сүйенсек, Қазақстанда ресми түрде тіркеліп көмек алғандардың саны 2000 адамнан асады, ал әлем бойынша 75 мыңнан астам адамға көмек көрсетілген. Бұл тек анықталғандары ғана, шын мәнінде құрбандардың саны бұдан әлдеқайда көп болуы ықтимал.

Құқық қорғаушылардың айтуынша, құрбандардың негізгі бөлігі – құжаты жоқ еңбек мигранттары, тұрмысы төмен азаматтар, ата-анасының қарауынсыз қалған балалар және мүмкіндігі шектеулі жандар. Қазақстандықтарды көбіне Ресейге, Түркияға, Біріккен Араб Әмірліктеріне алып кетіп, заңсыз еңбекке немесе жыныстық қарым-қатынасқа тартады. Ал еліміздің өз ішінде Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген мигранттарды мал бағуға, ауыр қара жү-

мысқа жегу, құжаттарын тартып алу фактілері тіркелген.

Сарапшы, құқық қорғаушы әрі қоғамдық белсенді Гүлмира Сезімова бұл мәселеге былай баға береді: «Адам саудасы – қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің салдары. Бізде жұмыссыздық пен тұрмыстық қиындық адамды осал етеді. Қазіргі деректерге назар аударсақ, жәбірленушілердің 70 пайызы әйелдер, шамамен 20 пайызы ер адамдар, ал қалғанын балалар құрайды. Соңғы жылдары 9-17 жас аралығындағы қыздардың жыныстық қанауға тап болу деректері жиілеп барады. Бұдан бөлек, 30-38 жас аралығындағы ер адамдарды еңбекке жегу оқиғалары да аз емес. Бұлардың барлығы көрсетіп отырғандай, адам саудасы белгілі бір топпен ғана шектелмей, қоғамның әртүрлі санатына қауіп төндіріп отыр. Қылмыстың жасырын сипатына байланысты ресми сандардың артында үш-төрт есе көп нақты құрбан жатыр деп айтуға болады. Егер біз құқық қорғау органдарына сенім орната алмасақ, халық құқықтық сауатсыз күйде қалса, онда бұл қылмыс азаймайды. Сондықтан мемлекет тек қана жазаны күшейтуден шектелмей, халықтың санасын оятуға, құқықтық білімін

арттыруға күш салуы керек», – дейді ол.

Шынында да, адам саудасының зардабы тек қана жеке тағдырларға емес, елдің халықаралық беделіне де әсер етеді. Қазақстан АҚШ-тың «адам саудасына қарсы күрес» жөніндегі есебінде бақылау тізімінің 2-деңгейінде тұр. Егер жағдай жақсармаса, ел 3-деңгейге түсуі мүмкін. Бұл инвесторлардың сенімін азайтып, халықаралық қаржыландыруға кедергі келтіреді, туризм саласына да кері ықпал етеді. Экономистердің айтуынша, адам саудасы көлеңкелі экономиканың үлесін ұлғайтып, елдің әлеуметтік тұрақтылығына қатер төндіреді.

Қазақстанда бұл бағытта жұмыс істеп жүрген ұйымдар да бар. «Сана Сезім», «Родник», «Қорғау-Астана», «Қайсар» сынды ұйымдар жүздеген құрбанға заңгерлік, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсетіп келеді. ОБСЕ қолдауымен полиция қызметкерлері мен судьялар арнайы оқыту курстарынан өтуде. Мемлекет тарапынан да қаржы бөлініп, уақытша бейімдеу орталықтары жұмыс істеп тұр. Бірақ сарапшылардың айтуынша, бұл жеткіліксіз – әрбір азамат белсенділік танытып, күмәнді жағдайға куә болса, тиісті органдарға хабарлауы қажет.

Адам саудасы – тек құқық қорғаушылардың емес, бүкіл қоғамның проблемасы. Жазаны күшейту маңызды, бірақ ең бастысы – алдын алу. Әрбір адам өз құқығын білуге, сақтануға, ал қоғам бейжай қалмай, осындай қылмысқа қарсы ортақ үн қосуға тиіс. Әйтпесе XXI ғасырда құлдықтың жаңа түрі жалғаса бермек.

Самал АСҚАР
АСТАНА ҚАЛАСЫ

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

КИБЕРТЕРГЕУШІЛЕР МЕН КИБЕРПРОКУРОРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ӨЗЕКТІЛІГІ АРТТЫ

Берік Асыллов негізгі бағыттардың бірі ретінде цифрлық талдауды және қылмыстылықты болжауды атады.

«Президенттің тапсырмасы бойынша Құқықтық статистика комитеті трансформациялануда, оның құрамында Қылмыстық қатерлерді болжау орталығы құрылды. Оның міндеті – үлкен деректер мен жасанды интеллект негізінде цифрлық практика жүргізу», – деді Бас прокурор.

Орталық құқық бұзушылықтардың динамикасын талдайды, жаһандық қатерлерді бақылайды және мемлекеттік органдарды нақты уақыт режимінде хабардар етеді.

Қазіргі уақытта «е-Өтініш» жүйесі арқылы «зорлық-зомбылық», «сыбайлас жемқорлық», «буллинг» сияқты тақырыптар бойынша азаматтардың өтініштерінен тәуекелдерді анықтайтын модель сынақтан өтуде.

Берік Асыллов Қазақстанның жасанды интеллект дәуіріне қадам басқанын, оның заң мен тәртіпті қорғауда жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті. Digital Bridge форумында «Әлем Ай» жасанды интеллект зертханасының ашылғаны жарияланды, және прокуратура осы құрылыммен қылмыспен және өзге де құқық бұзушылықтармен күрес тиімділігін арттыру мақсатында ынтымақтастық орнатуды жоспарлап отыр.

Бас прокурор цифрлық технологиялар киберқылмыс пен интернет-алаяқтыққа қарсы күресті айтарлықтай күшейткенін атап өтті. «Қазақ-телекоммен» бірлесіп, алаяқтық қоңырауларды бұғаттайтын АнтиФрод колл-орталығы іске қосылды. Ол Украина мен Ресейдегі 9 шетелдік колл-орталықтың қызметін тоқтатты, ал бір айда 40 мыңнан астам қоңырау бұғатталды. Жақын арада бұл тәжірибе өңірлерде кеңейтілетін болады. Басым бағыттардың бірі – есірткі қылмыстарымен күрес.

«Ақша ізін қуу» қағидаты бойынша прокуратура есірткі бизнесін ұйымдастырушылардың цифрлық активтерін тәркілеудің жаңа әдістемесін әзірледі», – деді Берік Асыллов. 85 мыңнан астам банк картасы 2,3 млрд теңгеге бұғатталды, ал жалпы бұғатталған активтер көлемі 11,5 млрд теңгеден асты. Жасанды интеллект негізіндегі чат-бот енгізіліп, оның көмегімен 12 мың есірткі шоты анықталды.

Берік Асыллов қызметкерлерді жаңа цифрлық сын-қатерлерге бейімдеу қажеттігін атап өтті – киберанықтау мен жасанды интеллект негізіндегі талдаудан бастап, сертификатталған кибертергеушілер мен киберпрокурорларды даярлауға дейін. «Біз қылмыстық қатерлерді талдау мен болжаудың тұрақты тетігін қалыптастыруымыз, халыққа құқықтық көмектің қолжетімділігін – әсіресе цифрлық ортада қамтамасыз етуіміз керек. Осылайша «Заң және Тәртіп» идеологиясы жетекші цифрлық платформаларда жүзеге асырылады», – деп қорытындылады Берік Асыллов.

ҚР Прокуратурасының баспасөз қызметі



КЕЗДЕСУ

ТАБЫСТЫ БОЛУ – КӘСІБИ МАМАНДАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ

«Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасы аясында және қолда-
ныстағы «Болашақ прокурор кеңістігі» жобасы шеңберінде
Батыс Қазақстан облысының прокуратурасы Қазақстан
инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер уни-
верситетінде студенттермен кездесу ұйымдастырды.

Іс-шараға Қазақстан Республи-
касы Бас Прокурорының орынба-
сары Ғалымжан Қойгелдиев, Батыс
Қазақстан облысының прокуроры
Нұрбек Ұласбекұлы, университеттің
негізін қалаушы Ақсерік Әйтімов,
университет ректоры Әліби Баяхов,
сондай-ақ оқытушылар мен студент-
тер қатысты.

Кездесу барысында Ғалымжан
Қойгелдиев Бас Прокуратураның
бастамасымен қолға алынған «Бо-
лашақ прокурор кеңістігі» жобасы

еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары
оқу орындарында жүзеге асырылып
жатқанын атап өтті. Бұл жоба сту-
денттерге прокуратура қызметі
туралы мол ақпарат беріп, құқық
қорғау саласына назар аударуға,
заңның үстемдігі мен әділеттілікті
насихаттауға бағытталған. Сонымен
қатар, іс-шара аясында Ғалымжан
Қойгелдиев студенттерге дәріс
оқып, елдегі заң үстемдігін қамта-
масыз ету, халықтың құқықтары мен
бостандықтарын қорғау – прокура-

тура органдарының басты міндеті
екенін атап өтті.

Прокуратура жұмысының табыс-
ты болуы – кәсіби мамандарға бай-
ланысты. Осыған орай, ол аталған
жобаның кадр даярлаудағы маңыз-
дылығына тоқталып, жобаны одан
әрі дамыту барысында студенттерге
білім сапасын арттыру үшін қолдау
көрсетілетінін айтты.

Болашақ заңгерлерге прокурату-
ра органдарына қызметке қабылдау
талаптары мен Құқық қорғау акаде-
миясына түсу тәртібі туралы толық
ақпарат берілді.

Прокуратура өкілдері студент-
тердің барлық сұрақтарына толық
жауап берді.

**Бас Прокуратураның
баспасөз қызметі**

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Atria Trading» ЖШС (БСН 221040043833) (Алматы қа-
ласы, Медеу ауданы, Назарбаев көшесі, 25-үй, №22 кабинет
тұрғын емес жай мекенжайы) өзінің таратылуы туралы хабар-
лайды. Шағымдар Алматы қаласы, Медеу ауданы, Назарбаев
көшесі, 25-үй, №22 кабинет тұрғын емес жай мекенжайы, тел.
8 701 081 81 89 бойынша жарияланған күннен бастап екі ай
ішінде қабылданады.

3. «Aigul com» жауапкершілігі шектеулі серіктестік (БСН
250140015507) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды.
Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен
бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:
ҚР, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Құмкөл ауылы, Абай көшесі,
12-үй.

4. «Zaman Express» ЖШС (БСН 250740016140) өзінің тараты-
латыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жа-
рияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша
қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылдық
округі, Кемертоған ауылы, Крестьянское хозяйство АҚХ Казмис,
965-үй, тел. 8 707 104 90 50.

5. «KAZ Travel Experts» ЖШС (БСН 140840022790) өзінің
таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы ха-
барландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына
мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050046, Алматы қаласы,
Алмалы ауданы, Гайдар көшесі, 196-үй, 18-пәтер, тел. 8 701 738
62 91.

6. «NEO-Klimat» ЖШС (БСН 220440017310) өзінің та-
ратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы
хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде
мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Шымкент қа-
ласы, Еңбекші ауданы, Ш. Уалиханов көшесі, 198-ғимарат,
тел. +7 775 728 1212.

7. «Актобе Инерт Снаб» ЖШС (БСН 131240009029) өзінің
таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы ха-
барландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына ме-
кенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, 12Вг ықшам
ауданы, 35-үй, тел. +7 777 201 63 52.

8. «Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқарма-
сы» мемлекеттік мекемесі, БСН 130740009024, Атырау облысы
әкімдігінің 20 тамыз 2025 жылғы №174 қаулысы негізінде тара-
тылғандығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру
жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекен-
жайда қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, А.Пушкин
көшесі, 163-үй, тел. 8 7122 51 99 01.

9. «СП КМК» ЖШС (БСН 080640001876) (ҚР, 110000, Қоста-
най қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 114-үй) өзінің таратылаты-
ны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру
жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бо-
йынша қабылданады: ҚР, 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби
даңғылы, 114-үй, 201-кеңсе, тел. 8 776 702 66 77.

14. «22 Алға» ЖШС (БСН 170840034303) өзінің таратыла-
тыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру
жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бо-
йынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Жаңа Орда ықшам
ауданы, 14-үй, н.п. 78.

15. «BROSH Production» ЖШС (БСН220540018997) (ҚР, 050000,
Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ақтөбе ықшам ауданы, Баха-
дур көшесі, 8/3-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды.
Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап
екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы
қаласы, Бостандық ауданы, Алатау ықшам ауданы, Рахматиев
көшесі, 6-үй, 32-пәтер.

16. «IUPPITER» ЖШС (БСН 190340011260) өзінің таратыла-
тыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру
жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойын-
ша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Айнабұлақ ықшам ауданы,
12/2-үй, тел. +7 771 507 0059.

17. «KOKMAISA» ЖШС (БСН 211240032090) өзінің тараты-
латыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жария-
ланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы облысы, Талғар
ауданы, Қайнар ауылдық округі, Еламан ауылы, Шалкөде көшесі,
2А үй, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 707 209 40 00.

20. «Матан Жомарт» (БСН 201240013607) өзінің таратылғаны
туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария-
ланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қа-
былданады: ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Островский көшесі,
12-үй, 22-пәтер.

21. «Китайская оздоровительная компания» ЖШС (БСН
230940008321) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабар-
лайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен
бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР,
Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Айманов көшесі, 204-ғима-
рат.

22. «Жез Азия Транс» ЖШС (БСН 161040018323) өзінің ерік-
ті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар
осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім
ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы,
Жезқазған қаласы, М.Жалел көшесі, 1-үй, 9-пәтер.

23. «Golden City DS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Қарағанды облысы бойынша филиалы (БСН 221241012241) өзінің
ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар
осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім
ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облы-
сы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Әбдіров
даңғылы, 48/1-үй, 6- пәтер.

24. «Logex» ЖШС, БСН 131040000642 өзінің таратылатыны
туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария-
ланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда
қабылданады: Алматы қаласы, Ратушный көшесі, 16 кеңсе,
тел.: 8727 3777 000.

29. «Предназначение» ЖШС (БСН 170640032307) өзінің тара-
тылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан-
дыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай
бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы,
Ш. Уалиханов көшесі, 13-үй, 56-пәтер, тел. +7 777 822 8334.

БАНКРОТТЫҚ

28. Астана МАЭС-інің 26.09.2025 ұйғарымымен «RES
Kazakhstan» ЖШС-н, БСН 180140019980, банкрот деп тану туралы
азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылдана-
ды: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 55/21, Тел. 87712002014.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттері-
не және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғаса-
ды. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар
келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері,
«Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қала-
сындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға
болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

*жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар
үшін – 15921*

ӨРТУРЛІ

10. «Big Stroy KZ 2022» ЖШС ұйымы (БСН 220440040800) «Рем-
СтройАсфальт» ЖШС ұйымына (БСН 061040007119) қосылу жолымен өзінің
қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Аста-
на қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 76, 270-пәтер мекенжайы бойынша
қабылданады. Тел.+7 701 482 9441.

11. «РемСтройАсфальт» ЖШС ұйымына (БСН 061040007119) «Big
Stroy KZ 2022» ЖШС-і (БСН 220440040800) қосылу жолымен өзінің
қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Астана
қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 76, 270-пәтер мекенжайы бойынша
қабылданады. Тел.+7 701 482 9441.

12. Алматы қаласы Жетісу аудандық сотына Алматы қаласы, Чирчикская көшесі, 9А үй мекен-
жайында тұратын Айсеева Наталья Леонидовнадан 1988 жылғы 19 мамырда туған, Алматы қаласы-
ның тумасы, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Момышұлы көшесі, 8-үйде тұрған,
жұмыс істемейтін, азаматша Айсеева Саням Махмұтжановнаны қайтыс болған деп тану туралы өтініш
келіп түсті.
Айсеева Саням Махмұтжановнаның жүрген жері туралы мәліметі бар адамдар мен өзге де
мүдделі тұлғалардан Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 291-үй мекенжайында орналасқан Жетісу
аудандық сотының судьясы Б.Т. Турусовқа осы хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай ішінде
хабарласуы сұралады.

13. «Табиғат» Қазақстандық аңшылар мен балықшылар қоғамы»
қоғамдық бірлестігі жарғының 4.3.3. тармағына сәйкес кезектен тыс
жалпы жиналысын 2025 жылғы 11 қарашада сағат 11.00-де Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 34 мекенжайы бойынша өткізілетіні тура-
лы хабарлайды.

18. Қарасай ауданын сотының (мекенжайы: Қаскелең қаласы, Б.Момышұлы
көшесі, 5, судья А.Ж. Шойбековтің) ұйғарымымен Бейсімбинова Мадина Сүюалиев-
наның өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. Өтініш иесінің мекенжайы: Алматы
облысы, Қарасай ауданы, ПҚСТ «Асел», Центральный көшесі, 40, тел.: 8 707 204
90 23. Өтініштің мәні: 1938 жылғы 17 тамызда туған, Қарасай ауданы, ПҚСТ «Асел»,
Центральный көшесі, 40 мекенжайында тұрған Бейсімбинов Сүюали Савкүмбековичті
хабар-ошарсыз кеткен деп тану (2005 жылғы 16 мамырда үйден шығып кеткен). Азамат
Бейсімбинов Сүюали Савкүмбековичтің қайда екендігі туралы ақпараты бар тұлға-
лардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарласуы
сұралады. Тел.: 8 707 204 90 23.

19. «Ломбард «НАYAT CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сау-
да-саттық өткізілетінін хабарлайды.
Сауда-саттық 20.10.2025 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би
көшесі, 285/3 үй, 201 кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс
бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:
1-лот: BMW 530 маркалы автокөлік, 2001 ж. ш., қозғалтқыш көлемі –
3,0 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 3 442 500 теңге;
Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында
орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-
ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда
сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет.
Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле
би көшесі, 285/3 үй, 201 кеңсе.
Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді
3 (үш) күн ішінде «Ломбард «НАYAT CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол
ақша түрінде төлеуі тиіс.
Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Респуб-
ликасы, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22 үй, анықтама телефо-
ны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК КZ58722S000003993258,
«Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

25. «Naviland Pay» ЖШС-і (БСН 210140014086) «Naviland System»
ЖШС-не (БСН 090540003434) қосылу жолымен өзінің қайта құрыла-
тыны туралы хабарлайды. Шағымдар Астана қаласы, М.Ғабдуллин
көшесі, 3-үй, 14-пәтер мекенжайы бойынша осы хабарландыру жа-
рияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел.: 8 707 802
3144, e-mail: buh@naviland.org.

26. «Sport Towers» ЖШС-і (БСН 190840001896) «БАЙСАНАТ»
ЖШС-мен, (БСН 160640024713) өзінің қосылу арқылы қайта ұй-
ымдастырылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жа-
рияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қа-
былданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Комсомольский тұрғын үй
алабы, Қарашаш Ана көшесі, 16/1-үй, т.е.б. 1, тел.: +7 771 180 7431.

27. ТОО «БАЙСАНАТ» (БСН 160640024713) өзінің «Sport Towers»
ЖШС-імен (БСН 190840001896) қосылу арқылы қайта ұйымдасты-
рылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған
күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:
Астана қаласы, Нұра ауданы, Комсомольский тұрғын үй алабы, Қара-
шаш Ана көшесі, 16/1-үй, т.е.б. 1, тел.: +7 771 180 7431.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы
қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе,
www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы
даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы,
«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-
39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@
mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app
бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай
көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-
11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство»
ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61,
кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұ-
мыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),
директоры Кривилова Татьяна Ивановна.
Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймер-
денов к. бұрышы) RBK банктің жанында,
Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-
705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service»,
Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл
көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов
көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24,
8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков
көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай
көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК,
Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 58, 30-бөлме,
3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8
(777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет
Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос-
танай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь
көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы
тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин
көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.:
87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.:
87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант»
ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8
(7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба
даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,
ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-
66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр.
әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8
(7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-
орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89,
ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді кө-
шесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772,
87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қа-
бат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле
би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,
ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.:
8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

(Жалғасы. Басы өткен санда)

ДНК сараптама қорытындысы бойынша пеш ішінен табылған саусақ Даниярға тиесілі екенін, алайда күлдің арасында ешқандай адамның іш құрылысы немесе адам денесінің молекулаларының жоқ екені расталды.

Дактилоскопиялық сараптама да саусақ іздерінің Даниярға тиесілі екенін растады. Қолтаңба сараптамасы хаттағы жазу Даниярға тиесілі екені жайлы тұжырымдама берген. Демек өртенген саусақ Даниярға тиесілі болса, онда дене қайда? Ол тірі ме, жоқ па, ол да белгісіз. Дәлелдемелерге байланысты іс-түссіз жоғалу дерегі мен кесілген саусақ дерегін бір қылмыстық іске біріктіріп тергеуге шешім қабылдады. Абылай өзінің ішкі түйсігіне сенетін. Бұл түйсігі оған: «Бұл жай ғана өрт емес. Біреу ізді жасырып жатыр...» – деп тұрғандай еді,

Ол тергеудің келесі сатысына өту үшін Ғалымжанның шеберханасына барды. Шеберхана іші тап-тұйнақтай болғанымен, оның назарын пештің алдындағы қара күйе аударды және күйік иісі қатты сезілді. Пештің ауқымы үлкен. Бәлкім шеберхана болған соң, әдейілеп үлкен қылып салған болуы мүмкін. Пештің ішкі бетінен түрі өзгешелеу ыс байқалды. Абылай дереу сараптама тағайындау үшін, сүртінді алды.

– Пеш жақпайсың ба?
– Кейде от жағам... Бірақ қазір көп қолданбаймын...

Бұған оның теріс қарап тұрып сөйлегені ұнамады. Шеберхананың ішін қарап шықты, алайда қызығушылық танытатын ештеңе таппады. Абылайдың ойындағы басты сұрақ «Данияр тірі ме?» – деген еді.

«Қанша дәлел болса да, ақиқат бір-ақ жерде жатады – адамдардың жүрегінде және сол жүректің тылсым тереңінде...»

Данияр жоғалған түн – ауыл үшін бейбіт, жай түн болған сияқты. Алайда Абылай егжей-тегжейін тергей келе сол түні қараңғылық астарында талай сыр жатқанын анықтай бастады. Абылайдың ойында полиция академиясында жиі айтылатын «Идеалды қылмыс болмайды, тек идеалды емес тергеушілер болады» – деген нақыл сөз қалып қойған еді. Бұл қылмыс идеал тергеушіні талап ететінін түсінген ол екі есе қарқынмен жұмысқа кірісті.

Абылай ең алдымен ауыл тұрғындарынан, көршілерден сұрастыру жұмыстарын жүргізе бастады. Алдымен зейнеткер – Оразбай ақсақалға барды. Себебі оның ауылдағы барлық жаңалықты естіп, көріп-біліп отыратынын естіген болатын.

– Ассаламағалейкум, ақсақал! Жоғалып кеткен Данияр жайлы сұрасыра келіп едім. Ауыл кішкентай ғой, білген-көргеніңіз болса?

– Иә, балам... Осыдан екі апта бұрын түнде құдды біреу айқайлап жатқандай болды. Терезеден қарасам, қараңғыда біреу үйдің артына қарай жүгіріп бара жатыр екен.


– Таныдыңыз ба?
– Жоқ. Анық көрінбеді. Бұзақылар шығар деп бөлмеден шыққан жоқпын.

Абылай осыдан кейін келесі көшедегі Данияр үйінің сырт жағындағы көршісі Дина есімді жалғызбасты әйелдің үйіне барды.

– Сәлеметсіз бе Дина ханым! Мен Данияр жайлы сұрауға келіп едім? Соңғы рет қашан көрдіңіз?

– Саламатсың ба, балам! Даниярды көрмегеніме біраз болды. Екі апта бұрын түнгі 02:00 шамасында біреу аула жақтан тарс еткізіп қақпамды жапты. Шам жағып үлгермей қалдым. Бірақ Даниярдың үйі жағынан кетіп бара жатқан біреудің көлеңкесін көрдім. Қолында бір зат бар сияқты болды...

– Сіз бұл адамды таныдыңыз ба?
– Жоқ... Бірақ, жүрісі таныс көрінді... Бірақ кім екенін айта алмаймын... Абылай терең ойға батты. Оқиға куәгерлерінің бәрі бір бағытты меңзеп тұр. Бірақ олардың айтуымен ғана біреуді кінәлау мүмкін емес. Сол түні Даниярдың не үшін сыртқа шыққаны, не істегені, не көргені жұмбақ болып қала берді. Бірақ енді сол түннің пердесін ашатын бір ғана жол бар еді, ол – Даниярдың телефоны болатын. Иә, ол табылса, бәрі белгілі болар еді.



КҮЛ АСТЫНДАҒЫ ШЫНДЫҚ

Абылай тергеуді тереңдете түсті. Ол Даниярдың телефонын табу үшін операторлармен байланысып, соңғы сигнал берген орынды анықтауға тырысты. Байланыс орталығы бір сағат ішінде жауап берді: Даниярдың ұялы телефоны соңғы рет ол жоғалған түнгі 2:17-де белсенді болған. Орны – ауыл шетіндегі ескі диірмен маңы. Абылай сол жаққа қарай жол тартты.

Ескі диірмен – ауыл балаларының қорқатын орны. Иесіз жер. Қарағайлардың арасында бұғып тұрған көне ғимарат. Ішінде жартылай құлаған баспалдақтар, тозған қабырғалар. Көп уақыт алса да, іздеу кезінде сол жерден, шөптің арасынан шаң басқан ұялы телефон табылды. Телефон жартылай жарамды, экранда жарық жоқ. Абылай оны техникалық сараптамаға жіберді. Бір күннен соң сараптама қорытындысы келді. Телефон жадында бірнеше дыбыс жазбалары бар екені анықталды.

Абылай оларды тыңдай бастады. Бірінші жазба жай ғана күнделікті дыбыстар: Данияр шәй құйып жатыр, сірә, кешкі уақыт. Бірақ, екінші жазба бәрін... бүкіл ойды төңкеріп жіберді.

– Сен не істедің, Ғалымжан?! Бұл не сұмдық?!

– Данияр, тыныш бол! Ешкім білмейді. Бұл сенің де мүддене сай.

– Жоқ, мен полицияға барам. Бұл адам өлімі!

– Онда... кешір...

Одан кейін – шуыл, алыс-жұлыс, ыдыс-аяқ сылдыры, ауыр тыныс алу, артынан тып-тыныш үнсіздік... Абылай жүрегі суып, басын көтерді. Бұл жазба – дәлел. Жазбадағы екі дауыстың бірі Даниярдікі екені күмәнсіз. Екіншісі – Ғалымжанның дауысы. Егер

жазбада Данияр адам өлімі деп Ғалымжанды кінәлі етсе, өлген адам кім? Бұл іс бара-бара шым-шытырық қиынға тартып барады. Түсініксіз. Тергеу барысында Даниярды өлтірген Ғалымжан ба десек, мына жазба барлығын өзгертетін сияқты ғой. Апырай ә! Енді не істейміз? Бұл – қасақана кісі өлтіру ісі екені анық. Бірақ кімге қарсы? Тағы жұмбақ. Телефондағы жазбалар – шындыққа жол ашатын есік болды. Бірақ біреуді айыптауға әлі ерте...

Даниярдың телефонынан табылған

жазбадан кейін Абылай полиция бөлімшесіне шұғыл бұйрық беріп, Ғалымжанды тұтқындауға шешім қабылдады. Оған қатысты – адам өлтіру дерегімен қылмыстық іс бойынша күдікті екені түсіндірілді. Ол шеберханада жұмыс істеп жатқан жерінен ұсталды, қарсылық көрсеткен жоқ. Бірақ көзі тік, түрі сабырлы еді. Полиция бөлімінде жауап алу басталды. Абылай алдымен бейтарап сұрақтар қойды. Содан кейін Даниярдың телефоны туралы айтты.

– Біз Даниярдың телефонын таптық, Ғалымжан. Онда сен екеуіңнің сөйлескендерің жазылған. Өте анық... Жазбаны тыңдаған Ғалымжан сәл үнсіз қалды. Содан соң мырс етіп күлді.

– Мен сендерге ештеңе айта алмаймын. Басқа айтар жауабым жоқ. Түрмеге жабам десендер жабыңдар, бірақ сендер соңында қатты таң қаласыңдар...

Бұдан соң ол бір ауыз тіл қатпады.

* * *

Ғалымжан қамақта. Тергеу жалғасып жатыр. Бірақ басты мәселе – Даниярдың денесі табылған жоқ, ал, пештен шыққан саусақ қана нақты айғақ. Бұл жеткіліксіз. Абылай пеш ішінен алынған саусақ пен Ғалымжанның үйінің пешінен қырып алынған күйік қалдықтарын сараптамаға жіберіп қойған еді. Бір апта өткенде сараптама қорытындысы келді. Басты жаңалық – Ғалымжанның пешінен алынған қалдық адамға тиесілі. Бірақ ол Даниярға тиесілі қалдықтар емес. Адам шамамен екі күн жоғары температурада жанған. Сол себепті адам толықтай өртеніп кеткен. Даниярдың саусағы мен белгісіз адамның ДНК-сы басқа. Абылай сараптама қорытындысын оқып отырып, таң қалып,

іс бойынша сұрақтарды ойша тізе бастады.

Бұл қылмыста нақты қанша адам өлген?

Саусақ Даниярға тиесілі болса, мәйіт қайда?

Өртеніп кеткен белгісіз адам кім? Ғалымжан не жасырды?

56 240.19 саны нені білдіреді?

Сұрақтар өте көп болғанымен, жауап мүлде жоқ. Ауыл тұрғындары бір-біріне ренжісе болды саусақ кесіп, пешке өртей сала ма? Тәрбие, әдеп,

иман қайда адамдарда? Тек қылмысын жасыру үшін осындай әрекетке бара ма? – деп қатты ойға кетті Абылай.

Техникалық сарапшылар Даниярдың ұялы телефонынан өшірілген фотоларды қайта орнына келтіріпті. Ол диірмен маңында түсірілген екен. Фото бұлдыр болғанымен, адам жоқ. Құдды бір абайсызда түсірілген фото секілді. Тек онда үш адамның көлеңкесі көрінеді... Бірі – бойы аласа, бірі – орташа, үшіншісі – ұзындау. Бұл үш көлеңкенің біреуі Даниярдікі, біреуі Ғалымжан болар. Ал үшіншісі – белгісіз адам. Абылай бұл суретті үлкейтіп, кәсіби фототехникалық сарапшыларға берді. Олар көлеңкелердің ұзындығы мен орналасуына қарап келесі тұжырымға келді:

«Фото диірменге жақын маңда, шамамен таңғы 6:00-де түсірілген. Сол жақтан бастап санағанда бірінші көлеңке иесі – бойы 167 см, екіншісі – 175-180 см, үшінші көлеңке иесі – бойы 185 см-ден жоғары, денелі адам».

Демек, үшінші адам бұл Ғалымжанның пешінде өлген адам. Абылай ауыл маңындағы ірі денелі ер адамдар тізімін қарап шықты. Солардың ішінде күдік тудыратын бір ғана адам болды, ол – Қанат Жүнісов, бұрынғы учаскелік полиция өкілі, қазір жеке мал шаруашылығымен айналысады. Бұл кездешісоққы па? Дереву Ғалымжан жайлы сұрау салдырғаны сол еді, учаскелік полиция қызметкерінен Қанаттың туысқандары іс-түзсіз кету дерегі бойынша арыз жазып жатқанын хабарлады. Енді түсінікті болды фотодағы үшінші адам осы болды ғой. Нақтылау үшін ДНК сараптамасына Ғалымжанның пешінен табылған күйік пен Қанаттың жеке заттары берілді. Шамамен 15 күн ішінде жауабы келді. Күмән сейілді. Белгісіз өртеніп кеткен адам қалдығы Қанатқа тиесілі болып шықты. Туысқандарына адам денесін емес, тек 2-3 кг болатын күлді

беру үйреншікті жағдай емес. Қанаттың туыстары да бұны алғаш естігенде түрлері бозарып, есеңгірегендей халде болды.

Мәселенің бірі шешілді. Белгісіз мәйіт Қанатқа тиесілі. Алайда Ғалымжан бұл бойынша өз кінәсін мүлде мойындамай отыр. Не сөйлеспейді, не жауап бермейді. Келесі мәселе – Данияр қайда? Мүмкін оны да Ғалымжан өлтірген шығар. Адамды өртегеннен не сұрайсың, адам өлтіру шыбын өлтіргенмен тең ғой бұған. Сөйтіп ойланып отырғанда түн ортасы болғанын да байқамай қалыпты, асығыс үйіне қайтты.

Алдынан жұбайы Айша күтіп алды. Ол қалалық ауруханада дәрігер болып қызмет атқаратын.

– Айша, амансыңдар ма? Балалар не істеп жатыр?

– Аманбыз, Медфат пен Қасым демалып жатыр. Ал Еркеназ әкем келген соң жатамын деп сені күтіп отыр.

Бұл сөзден кейін жүрегі елжіреген Абылай, ортаңғы бөлмеде күтіп отырған қызына барып

– Күнім-ау! Ұйықтамадың ба, менің кеш келетінімді білесің ғой.

– Әке, мен тоғызыншы сыныпты бітірейін деп жатырмын ғой. Соңғы қоңырауға өзіңнің келгеніңді қалаймын. Келесің бе?

Бұл сөзден кейін әке жүрегінің соғысы жиіледі. «Әрине, қызым», – дей беріп еді, ол қуана құшақтады да, бөлмесіне қарай кетті.

Тамақтанып болған соң сәл миды тынықтыру үшін Абылай диванға жайғасып, теледидар қосып, бірер

минуттан соң ұйықтап кетіпті. Бір кезде Айшаның «Демалсаңшы» – деген сөздерінен оянып кетті. Теледидарды өшіріп жатын бөлмеге бармақ еді, теледидар экранынан жүгіртпе жол көрінді. Бір сандар берілуде. Үзіліп қараса «платина - 32.324,00, алюминий – 12 363,25, никель – 75016,9, паллади – 5056,50, цинк – 10645,13, алтын – 56 240,19. Мұны көрген сәтте Абылай санасында найзағай ойнағандай болды. «Өңім бе, түсім бе?! Енді тапжылмастан қайта-қайта жаңалықтардың астындағы жарнаманы қарауға көшті.

«Иә, шынымен 56 240.19. Шынымен 56 240.19. Бұл сонда алтынның бағасы болғаны ма? Даниярдың үйінде табылған қағазда алтынның бағасы жазылған ба? Енді мұны көрген соң ұйқы қайдан болсын». Абылай ой үстінде, таң атқанша көз ілмеді. Ертеңіне 08:30-да жұмысқа келісімен, керекті қағаздарын реттеп, қамақта отырған Ғалымжанға кіруді жөн көрді.

Уақытша ұстау абақтысы болғанымен, бұл жер талай адамды ойынан айнытқан болатын. Темір тор, тамақ мезгілімен, бас бостандығың өз еркінде емес, тек төрт қабырға... Әрине, ойландырады.

...Ғалымжанды полиция қызметкері алып келді.

– Иә, Ғалымжан, жайғас, бері отыр. Сенің немімен сөйлескің келмейтінін білемін, бірақ саған бір қызық оқиға айтайын ба? Тыңдағың келе ме...Мен алтын жайлы білемін...

Ол әдейі орнынан тұрып, шығуға беттеді. Ғалымжанның түрі бұзылуға кетті.

Абылай мұны сезіп, артына қарамастан кете берді. Бірақ Ғалымжанның алтын деген кезінде көзінің жанары үлкейіп, сасқалақтап қалғанын, психологиялық шабуылдың сәтті болғанын сезді.

Бекмұхамбет ӘБДРАСУЛЛАЕВ
Қызылорда қаласы,
Тасбөгет кенті
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5960 дана
Апталық таралым 11920 дана

Тапсырыс №151 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31